

АҚМЕШІТ

жастары

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.

Мағжан



№ 32 (517)
10 тамыз, 2023 жыл

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



ЖАСТАР МЕРЕКЕСІ – ЖАРҚЫН ІСТЕРДІҢ ЖАЛҒАСЫ

Дамудың кілтін тапқандар белес пен биіктің бедерінен көрініп, ұмтылыстың ұтымды тұсын қарастыруға да қауқарлы. Демек, жастардың есті әрекеті өлге жасалған игіліктің қайнар көзі болмақ. Иә, жастардың шығармашылық шыңын әлем де жақсы мойындайтын тәрізді. Сондай-ақ, жаһанның жастардың қарым-қабілетіне берер бағасы да жоғары. Сайып келгенде жұртшылық қоғамның қозғаушы жүшіне айналған жастарды әлдеқашан елеп, дәрежесін белгілеп қойған. Яғни, 12 – тамыз Халықаралық жастар күні ретінде атап өтіледі.

Иә, айтулы мереке қарсаңында облыс көлемінде атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес бәрі ретімен өткізілуде. Жеті күнге созылатын ауқымды шаралардың жастар үшін мәні орасан нәм маңызы зор. Жоспарға сәйкес бірінші күн яғни, 7 тамызда «Мүмкіндіктер күні» аясында ерекше жастарға арналған SMM және мобилография курстары, «Ел ертеңі – жас сарбаз» атты «Жас сарбаз» әскери патриоттық қозғалысының акциясы, «Жастар денсаулығы» тақырыпта ашық есік күні өтті. Ал 8 тамыз – «Балаларға қуаныш сыйлау күні» аясында «Мектепке жол» акциясына үлес қосу, «Бар қуаныш балаларға» акциясы, аймақ волонтерлері және белсенді жастардың атсалысуымен балалар ойын алаңдарына жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланды. 9 тамызда «Экосана күні» аясында жастардың «Taza Alem» экологиялық

акциясы өтті. Осылайша, экоакцияның сәтті өтуіне жастар жұмыла атсалысты. Шаралар легі мұнымен тоқтамақ емес.

– 10 тамыз – «Абай күні» аймақ жастарының қатысуымен Абай Құнанбайұлына тағзым ету шарасынан бастау алады. Аймақтағы жастар және ерекше жастар арасындағы облыстық спорттық турнирлер өтеді. Жастар күнінің негізгі шарасы – OPENAIR форматындағы гала-концерт. Шарада аудандық спорттық спартакиадалар қорытындыланып, әрбір ауданның шығармашыл жастары сахна төрінде өнер көрсететін болады. Мұнымен қоса, жас кәсіпкерлер өнімдерінің көрмесі және «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасының жеңімпаздары, «Үздік аудандық, қалалық жастар орталығы» және «Үздік қызметкер» байқауының жеңімпаздары марапатталады. 11 тамыз – «Жас отбасылар күні» аясында «Мүмкіндіктер керуені» мемлекеттік бағдарламалар бойынша ақпараттық-түсіндіру шаралары және жас отбасылар арасындағы түрлі форматтағы конкурстар және психологиялық тренингтер ұйымдастырылады, – деді облыстық «Жастар ресурстық орталығының директоры» Талғат Оспанұлы.

Қорытындылай келе, жастарды қолдау – кемел келешектің кірпішін қалаумен тең. Әрбір жастың белін бүкпей, еңсесін көтеру – еңселі еліміздің ертеңін көркем етпек. Асылында, осындай жақсылыққа арқау болатын шаралар шарықтай берсе, өрлеумен өрге жүзетініміз хақ.

Н.ҚОНЫСЖАН

Бүгін ұлы ақын, ойшыл тұлға Абай Құнанбайұлының туғанына 178 жыл толды. Биылғы күнтізбеден де Абай күні мерекесі ойып тұрып орын алды, ол өлімізде айрықша атап өтілуде. Бірте-бірте ұлы ақынның даңқы жер жүзіне әйгілі болатындай деңгейге жеттік. Ол алдымен, Абайдың теңдессіз кемеңгерлігінің арқасы.

Абай мұрасының ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі бөлек. Себебі, Абайды оқыған сайын жаңарып, тазара бересің. Тереңіне бойлаған сайын ойлана түсесің. Мына сұлу дүние есігін ашып, рухани құндылыққа ұмтылғысы келген әрбір адам Абайдың шығармаларымен етене танысу керек. Сыр жастары Абайға деген құрмет оның шығармашылығына терең бойлаудан тұрады деп біледі. Рухани жетілу үшін ғұламаның өмір жолын, оның түрлі аудармаларымен жақынырақ танысуды жөн санайды.

Сонымен қатар түрлі интеллектуалды байқауларда шыңдалып, әдеби кештерде ақын өлеңдерімен сусындап, рухани азық жинауда. Ал, ол ақынның адами құндылықтар тұрғысынан айтқан ой-пайымы бүгінгі уақыт өлшемімен қарасақ та өзекті екенін айғақтайды.

Қазір ақынның еңбектерін халықаралық ғылыми айналымға енгізу үшін бірқатар жұмыс қолға алынууда. Оның шығармалары өлемнің ондаған тіліне аударылып, баспаға әзірленді.

ҮЛІМНЕН ТАҒЫЛЫМ АЛСАҚ...

10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ

Бұл кітаптар жүзден астам елдің кітапханалары мен мәдени орталықтарына жіберілді. Бірқатар шетелдік аудармашыларға, Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеушілер мен насихаттаушыларға мемлекеттік награда берілді. Сонымен қатар шетелдегі елшіліктер жанынан Абай орталықтары ашылды. Ақын шығармашылығын жүйелі зерттеу үшін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті жанынан Абай академиясы құрылғаны да есте.

Бірақ жұртшылықтың жүрегі елжіреткен жаңалық бұл емес. Көп кешікпей Абай облысының құрылуы қазақтың атын әлемге әйгілеген қасиетті топырақты қастерлеуге шақырған батыл қадам болды. Мұның алдында Президент Семей қаласын еліміздің тарихи орталығы деп тану жөнінде бастама көтерген еді. Тағы бір атап өтерілігі, Абай облысының Шығыс Қазақстаннан бөлініп, ұлы ақын есімін иеленуі – М.Әуезовтің туғанына 125 жыл толуымен орайлас келіп, Президент шешімінің әділеттілігін таныта түсті. Ұлы жазушының мерейтойына орай Абай облысына келген сапарында Мұхтар Әуезов пен абайтанушы Қайым Мұхамедхановқа арналған «Ұстаз бен шәкірт» ескерткішінің ашылуына қатысқаны да семейліктер үшін тарихи оқиға болып есте қалды. Президент сол айтулы іс-шарада қос тұлғаның қазақ руханиятындағы алар орнын ерекше атады.

«Ұлыларға қарап ұрпақ өседі» демекші, Абай шығармашылық мұрасында, өлеңі мен қара сөздерінде жастар мәселесіне ерекше назар аударған. Оның жастардың білімге ұмтылуы, еңбек етуі, рухани тұрғыдан кемелденуіне байланысты ой-тұжырымы аз емес. Ол қара сөздерінде білім мен өнерге, кәсіп қылуға, адалдыққа үндеді. Рас, бұлар Абай заманындағы қазақтың бойында бар кемшіліктер еді. Ал, бүгінгі қазақ жастары сол кемшілігін түзген, білім майданына қаймықпайтан озық ойлы буын болып қалыптасуы заман еншісінде. Бастысы, біздер Абай ілімін игеріп, одан тағылым алатын, сөзін бойтұмардай қастерлейтін ұрпақ қана ақын сынының үдесінен толық шығатынын ұмытпауымыз керек.

А.СНАДИН

ТЕКЕМЕТ – ТАҢҒАЖАЙЫП ТУЫНДЫ



Түрін-ай текеметтің! Асыл қандай! Үңілдім үңісіз ғана басымды алмай. «Келе ғой, қошақаным, өзіме!» деп Әжем кеп сипағандай шашымнан жай, – деген өлең жолдары текеметте талай сырдың тұнып тұрғанын айшықтайды. Көз майын тауысып көрпе көктейтін жандар үшін текемет пен сырмақтың сәнін келтіру қиын емес. Бейнеленген оюда қазақы болмыс қабысып, терең тарихымыз қиысып жатыр. Көздің жауын алатын текеметтен әдемілікпен қатар төгілген тер, ұшан-теңіз еңбекті байқауға болады. Себебі шеберлер бұл іске шындап кіріседі. Кілем жыл өтсе тозып кетеді. Ал сырмақ сәніне мектептегі сапасын жоғалтпайды. Сондықтан Айнур Батырханова көнеңің көзіндей болған мұраға жаңа леп беріп, тауарды нарыққа шығаруда.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ҰМЫТ БОЛМАСЫН

Бала күнімізде әжеміз бен анамыздың қазан қайнатып, жүнді бояп, киіз басып отырғанын көріп естік. Қазір қаланы қойып, ауылда киіз басып, сырмақ тігетін адам қалмай барады. Сол үшін және өсіп келе жатқан жастарға ата-бабамыздан қалған асыл мұрамызды таныту мақсатында текемет-сырмақты тігуді бастадық. Осыдан 5 жыл бұрын осы идея келді. Сырмақ пен текеметті енді тігіп бастаған кезде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық универси-тетінде өнер саласы бойынша білім алған құрбым Самал да қызығушылық танытты. Сөйтіп, кәсібімізді бірге бастадық. Мен де Т.Жүргенов атындағы Өнер академия-сының монументалды кескіндеме фа-культетін бітіргенім. Басқа шетелдерде кескіндеме өнерінің дамығанын көрдік. Сондан «неге ұлттық қолөнерімізді дамытпасқа?» деп сырмақ тігуді бастадық.

ӨНЕР СЫРЫ – ӨРНЕКТЕ

Текемет пен сырмақты дайындағанда ешқандай дизайнердің көмегіне жүгінбейміз. Өнер академиясын бітіргендіктен, мамандығым суретші болғандықтан, оюды ою, түс таңдау және жүнді қалаған түске бояу процестерін өзім істеймін. Барлық дизайн жанымының бір бөлшегі сияқты. Ең жиі қолданатын оюымыз – қошқармүйіз. Бұл ою қазақ халқының символына айналып кеткен. Мысалы, көрші қырғыз халқы көбінесе елікке ұқсас оюларды қолданады. Ал қазақтар қошқармүйізді оюды пайдаланған. Өр оюдың өзіндік сыры болады. Біреуі көз тиюден қорғаса, екіншісі шаңыраққа байлық пен дәулет әкеледі.

ТЕКЕМЕТ ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Сырмақ жасау үшін, ең бірінші, жүнді түрлі түсті бояумен бояймыз. Содан кейін бір түсті жүнді жайып, одан киіз басамыз. Киіз дайын болғаннан кейін одан ою оямыз. Екі түстен ою ойсақ оны бір-біріне кіргізіп, оюды ойсыратамыз. Мысалы, бір киізді аққа, екіншісі қызылға бояп, ою ойғаннан кейін екеуінің қиызын орнын ауыстырамыз. Мұны оюды «ойсырату» дейді. Осыдан кейін біріккен екі түсті оюды тігіміз. Бұл «жөрмеу» деп аталады. Тігіс көрінбес үшін оюдың ортасына қайырылып жасалған жіпті қайта тігіміз. Мұны «жиік басу» деп атайды. Соңында осылардың арасын көктеп тігіп шығады. Мұны «сырмақ сыру» дейді. Сырып тіккендіктен де қолөнер сырмақ деп аталады. Ал текемет жасау үшін боялған жүнді жайып аламыз да, оны шала күйінде илейміз. Мұны «талдырма» деп атайды. Кейін осы талдырмадан ою ойып, басқа түстегі жайылған жүннің үстіне қойып, қайта басамыз. Ешқандай ине мен жіп пайдаланбаймыз. Тігусіз болғандықтан «текемет» деп аталады.

ШЕТЕЛДІКТЕР ЕРЕКШЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТАДАЙ

Қолөнер болғандықтан сырмақ пен текеметтің бағасы жоғары. Өйткені 2х3 метр бір сырмақ жасау үшін 5-6 шебер бір ай жұмыс істейді. Соншама еңбек еткен-діктен де сырмақтың бағасы арзан бол-майды. Көп адам сырмақты базардағы кілем-тің бағасымен салыстырып, қым-бат-сынады. Бірақ қолдан шыққан бұйым болғаннан кейін еңбекті біз де арзанға сата алмаймыз. Бірақ қазір сырмақтың қадірін түсініп, сұраныс білдіретіндер саны артып келеді. Өсіресе, шетелдіктер сырмақ пен текеметті ерекше бағалайды. Соңғы кезде сырмақты қыз жасауына қосатындар да көбейді. Сосын үйлеріне арнайы қазақи бөлме жасайтындар да сырмақ алады. Студия мен үйдің ин-терьеріне арнайы эффект беру үшін де тапсырыс беретіндер бар. Қытай елінде халықаралық «Табиғи

кілемдер» көрмесіне қатыстық. Ол жерде қолдан таза жібектен тоқылған кілемдер көрсетілді. Иран, Үндістан, Ауғанстан, Германия, Өзбекстан сияқты көптеген елден қолөнер шеберлері келіп қатысты. Біз текемет-сырмақты апарғандықтан бәрі бізге ерекше назар аударды. Өйткені басқа елдер тоқылған кілемдерді әкелді. Біз сияқты киіз басып сырмақ апарған ешкім болмады. Оюларымыз да басқа кілемдерге қарағанда ерекше көзге түсті. Шетелдіктер біздің қолөнерімізге таңыр-қай қарады және жақсы қабылдады. Қазір әлем халқы «мынау иранның кілемі екен» деп бірден таниды ғой. Сол сияқты бола-шақта қазақтың сырмақ пен текеметін бүкіл әлем таныса деген ойымыз бар. Сондай-ақ текемет-сырмақты Италияға, Ауғанстанға, Өзбекстанға түрлі көрме-терге апарып жүрміз.

Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

МҰХИТ АСҚАН МҰҢЛЫҚТАР & ЕЛІМІЗДЕ БАЛА АСЫРАП АЛУ ҚИЫН БА?

ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДІҢ ЕШБІРІ СЫРТҚА БАЛА БЕРМЕЙДІ

Ресми деректерге сүйенсек, 1999-2012 жылдар аралығында 8 806 қазақ баласы мұхит асқан, соның 6609-ы АҚШ-қа кеткен (оның ішінде 687 баланың жағдайы біраз жылға дейін белгісіз болған). Бірақ белгілі журналист Жанар Байсемізованың айтуынша, әлемнің 30 елінде қазақстандық жетім балалар өмір сүреді. Өзі жүргізген жобаның арқасында ол елімізден кеткен балалардың көбісі Америка Құрама Штаттарында (ресми мәліметте ол жаққа кеткен балалардың саны 6606 делінсе де, 8 мыңнан асады екен), сондай-ақ Испания, Бельгия, Канада секілді үлкен елдермен қатар Оңтүстік Африка Республикасында қазақ балаларын асырап алғандар бар. Назар аударатын мәселе кеткен қазақстандық балалардың бес мыңнан астамы өзге елдің азаматтығын қабылдаған көрінеді.

– Дамыған елдердің ешбірі сыртқа бала бермейді. Ел ішінде патронаттық жүйе, жетім қалған балаларды тез арада отбасыларына орналастыру жағы жақсы жетілген. Балалар үйі деген түсінік мүлдем жоқ. Тек кейбір елдерде ата-ана қарауынсыз қалған балаларды жаңа отбасы табылғанша уақытша ұстайтын мекемелер ғана бар. Мәселен, Америкада егер жоспарламай, бала көтеріп қалып, анасы оны қарай алмайтын жағдайда болса, ол бірінші кезекте әлеуметтік қызметкерлердің көмегіне жүгінеді. Олар өз кезегінде жас анаға ақыл-кеңес беріп, баланы қалайда туған анасында қалдыру үшін барлық әрекеттерді жасайды.

Шетелдіктер асырап алған қазақ балалары туралы «Мұхит асқан мұңлықтар» хабарын көрген адамның жаны ауырады. Қазір әлемнің әртүрлерінде, Еуропа мен Америка құрлығында осылай тағдыр төлкегімен жүрген ұл-қыз көп. Бірақ олар өзге елдің тілін, салт-дәстүрін қанша үйренсе де жүрегі қазақ деп соғады. Қаракөздердің өз Отанына аңсары ауып, ата-анасы мен туған-туыс-тарына іздеу салуы жиілеп кеткені соның дәлелі.

2 бетте

Жалғасы. Басы 1-бетте



ҚАНЫ БІР БОЛҒАНМЕН, ТІЛІ БӨЛЕК

Соңғы жылдары шетелдіктердің елімізден бала асырап алу көрсеткіші көп азайған. Себебі келеңсіз жағға қатысты. 2002 жылы Шучье қаласындағы балалар үйінен асырап алған Дамир мен Тимур атты балаларды АҚШ-тағы асырап алушының күйеуі атып өлтірген. Балалар ол кезде 16 және 18 жаста болған. Міне, осыдан кейін елде шетелдіктерге

бала асырап алуға рұқсат беру барынша қатаңдатылды. Соның нәтижесінде 2013-2016 жылдар аралығында 125 жетім бала ғана шетелдіктерге асырауға берілген. Қазақстандық баланы асырап алғысы келетін шетел азаматы шамамен 30-40 мың долларын жұмсауы тиіс. Құжат жинаудан бөлек, белгілі уақытта мемлекетті баланың жағдайынан хабардар етіп отыру міндеті тағы бар. Яғни үрдіс күрделі. Бүгінде Испания, Италия, Франция, Канада, Бельгия, Англия сияқты елдер бала

асырау бойынша Қазақстанға жүгіне алады. Тек 2012 жылдан бері АҚШ-қа мұндай құқық берілмейді.

Жетімдер үйінде өскен бала отбасы махаббатын сезінбей, тәлім-тәрбие көрмей өсетіні ақиқат. Бұл біздің ұлттық құндылығымызға, отбасы институтына кері әсерін берері хақ. Мәселен, бұған дейін Теодор есімді мұхит асқан қандасымыз әлеуметтік желіге өзінің ағасы Рүстемді іздейтінін жария етті. Іздестіру нәтижесінде ағайындылар бір-бірін тапты. Өкінішке қарай олар аудармашы көмегімен тіл табысқан. Қаны

бір болғанмен, тілі бөлек деген осы шығар...

БАЛА – КЕРІ ӨТКІЗЕТІН ТАУАР ЕМЕС

Қазір қаншама қазақ отбасы балаға зәру болып отыр. Алайда біздің елде бала асырап алу оңай емес. Қазақстан Республикасында бала асырап алудың тәртібі, одан туындайтын құқықтар мен міндеттер және бала асырап алудың өзге де мәселелері бойынша «Неке және отбасы» туралы 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексінің 13-тарауы 84-110-баптарына және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №380 қаулысына (бұдан әрі – Қаулы) сәйкес жүзеге асады. Осы Кодекс бойынша асырап алушы ата-ана болуға тілек білдірушілердің жеке куәліктерінің көшірмесі, бала асырап алғысы келетіні туралы және тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларына тексеру жүргізу туралы өтініш, отбасы жағдайы туралы анықтама, ерлі-зайыптылардың біреуінің асырап алуға жазбаша келісімі, жиынтық табыс мөлшері туралы анықтама, тұрғын үйді сатып алу-сату туралы шарттың немесе жалға алу шартының көшірмесі, бала асырап

алушылардың денсаулық жағдайы туралы анықтама, оның ішінде психикалық, есірткіге, алкогольге тәуелділіктің жоғы және сотталмағаны туралы анықтама қажет. Осылайша, қамқоршы органдар 10 күн ішінде тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларға тексеру жүргізіп, 5 күн ішінде нәтижесін хабардар етеді.

Құжаттардың толық пакетін жинағаннан кейін бала асырап алу процесі кемінде екі айға созылады. Бұл өтініштер мен құжаттарды қорғаншылық немесе қамқоршылық функцияларын жүзеге асыратын органға немесе республикалық деректер банкі арқылы тапсырады. Жіберілген құжаттарды арнайы комиссия құрамы тексеріп, олардың жауабын тағы күтеді. Одан қалды 3 айлық ата-аналар мектебін бітіріп, сертификатын алу да уақытты алады. Сонымен қатар толық медициналық тексерістен өтудің өзі біршама күнді артқа тастауға мәжбүр етеді. Өрине, бұл дұрыс, бірақ бұл процесс ұзақ уақыт алады.

Сондай-ақ осыған қатысты жаға ұстатарлық тағы бір статистика бар. Соңғы жылдары бірқатар үкіметтік емес ұйымдар оны жиі көтеріп келеді. Дәлелді дәйектер де келтірді. Айталық, балалар үйіне кері қайтарылатын балалардың орташа үлесі Ресейде 10 пайыз болса, Еуропа бойынша 8 пайыз

екен. Тек 18 пайызбен көш бастап тұрған Қазақстан. Ата-анасынан жетім қалу бала үшін оңай емес, алайда кейін жаңа ата-ата тауып, олардан тағы да ажырап қалу ауыр соққы. Сондықтан балалар үйі азайды, балалар үйі тәрбиеленушілерінің саны кеміді, балаларды асырап алатын ата-аналар көбейді деп бөрікті аспанға атқанмен, жоғарыда сөз еткен мәселені шешпей, қуану ерте сияқты. Дегенмен жауапты ведомстволар кейінгі 10 жылда балалар үйінің саны 210-нан 96-ға дейін немесе 2 есе, ондағы тәрбиеленушілердің саны 3 есе азайғанын хабарлайды.

«Соңғы үш жылды алсақ, 42 балалар үйі жабылып, тәрбиеленушілердің саны 1969-ға азайып отыр. Балалар үйлерінде арнайы қамқоршылық кеңесі құрылды. 18 балалар үйі балаларды қолдау орталықтарына бейімделді. Бала асырап алатын ата-аналарды міндетті түрде даярлықтан өткізу үшін «Бала асырап алушылар мектебі» институты

енгізілді» делінген Оқу ағарту министрлігінің хабарламасында.

Қалай десек те бұл мәселе өзектілігін жоймайтыны қынжылтады. Мұқағалидың «Біз жетімдерміз! Жетімдерміз! Ақпанның, аяз-қардың өтіндіміз. Мына сараң өмірден сауға сұрап, Тіршіліктің мазасын кетіргенбіз» дейтіні бар. Әр бала бақытты болуға лайық, олар әке мен ана мейіріміне иңкәр. Олар да өнерлі. Олар да өрелі. Тек балалар жыламасын, біз жетімін жылатпаған ел едік...

А.СНАДИН



ОЙЫНШЫҚ САПАСЫ СЫН КӨТЕРЕ МЕ?

назар аудару жөн секілді. Себебі сапаның мәні мен баға бағдары осында жатыр. Мәселен, елдегі балалар ойыншықтары Ресей Федерациясы,

бұған дейін де дабыл қаққан еді. – Бүгінде нарықтағы кей ойыншықтан жағымсыз иіс шығады. Тіпті кейбірінің ұшы тым үшкір немесе толық аяқталмаған күйде келеді. Мұндай заттар балаға қауіпті. Сәбидің қолына түссе, үшкір зат денесін зақымдауы, ойыншықтың ұсақ бөлшектері көп болса, бала жұтып қоюы мүмкін. Тиісті мекемелер тарапынан тексеріс жүргізілген кезде өнімнің сәйкестігін растайтын сертификатты талап ететіні белгілі.

Алайда бұл баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткілісіз. Өрбір ата-ана ойыншықтың барынша зиянсыз екеніне көз жеткізгенде ғана сатып алуға шешім қабылдау қажет, – деді балалар дөгерігі Дәмектен Қосанова.

Расында, жауапкершілік кәсіпкерде ғана емес, тұтынушының өзіне де тиесілі. Бүгінде нарықтағы таңдау аясы кең. Қай ел, қай компанияның шығарған өнімін алғың келсе, бәрі қолжетімді. Оған қоса ғаламтор арқылы тапсырып беріп, шетелден алдыруға да болады. Сондықтан олқылық таңдаудың аздығы немесе нарық кемшілігінен туындамағаны анық.

– Ойыншықтың түр-түрі бар. Сапасы да сан алуан. Нарық талабына сай қадам жасау керекті түсінікті. Сондықтан халықтың әлеуметтік жағдайы мен тұтынушылардың талабын ескеріп, әртүрлі бағадағы ойыншықты әкелетін кәсіпкерлерді жазыру орынсыз. Жасыратыны жоқ, сатып алушылардың көбі қымбат тауарды

алмай, арзанға ұмтылады. Нәтижесінде айға жетпей, тауарға көңілі толмай, шағым айтатын жағдай кездеседі. Осы ретте қалта көтерсе, бағасы жоғары ойыншықты алуға кеңес беремін. Себебі тәжірибе көрсеткендей, қымбат тауардың сапасы да жоғары. Бұл тұрғыда Ресейден келетін өнім озып тұр. Бұл – жеке пікірім, – дейді кәсіпкер Күлайым Қуандықова.

ТАҢДАУДАН ЖАҢЫЛМАУ ЖОЛЫ...

Баланың денсаулығы мен қауіпсіздігіне зиян келтірмейтін ойыншық таңдаудың қандай жолы бар? Сапалы өнімді таңдау үшін қандай ақпаратты білген дұрыс? Осы сауалдарға жауап тапқанда ғана ата-ананың қателіктен алыс болуға мүмкіндігі артпақ.

Мамандар ойыншық таңдауда алдымен тауар материалына мән беруге үндейді. Бұл орайда ақыл-кеңес мол. Алғашқы шарт – ойыншықтың сыртқы жабындысы ылғалға төзімді, үгітілмейтін болуы шарт десе, кейінгісі – қатты бөлшектері денеге зақым келтірмей, ұсақ бөлшектері тыныс жолына түспейтіндей болуы керек. Оған қоса жұмсақ ойыншықтың тігісі мен тоқ көзіне қосылатын ойыншықтардың қауіпсіздігін де назарда ұстаған жөн. Аталған нұсқау толық сақталса, сапалы әрі қауіпсіз өнімді таңдау қиын емес.

– Бояуы тым қанық ойыншықтардан алыс болған жөн. Себебі бояудың құрамында фенол, формальдегид, қорғасын элементтері бар. Бұл заттардың адамның жүйке жүйесіне, көз бен тыныс алу мүшелеріне кері әсер ететіні дәлелденген. Бала кез келген нәрсені алдымен аузына салады, әлемді танығысы келеді. Сондықтан ойыншық сатып аларда аса ұқыптылықпен қарағаныңыз абзал. Сондай-ақ 4 жасқа дейінгі бүлдіршіндерге табиғи тері, ішік, фарфор, түкті

Бар баланың қызығып, қолынан тастамайтын қызығы – «Өрмекші адам», «Супермен», «Барби». Бұған танымал кейіпкерлер мен сан құбылған көлік бейнесіндегі қуыршақтарды қосыңыз. Доп, шылдырмақ, жұмсақ ойыншық, әйтеуір, кішкентай бөбегі бар әрбір шаңырақта қорап-қорап қуыршақ пен дорба-дорба ойыншықтың шашылып жататыны анық. Дегенмен, бүгінгі әңгіме ауаны балалар ойыншығының мән-мағынасы емес, сапасында болып отыр. Осыған орай «Балалар ойыншығы сын көтере ме?», «Тауарды қалай таңдаған жөн?» деген сауалға жауап іздедік.


резеңке сынды ойыншықтарды беруге болмайды. Бүлдіршін ойыншығы талғамға сай, сапалы болғаны жөн. Тауарды сатып алушы түсіне ғана емес, сапасына, педагогикалық-психологиялық, биологиялық, медициналық қасиеттеріне, санитарлық-гигиеналық, техникалық, механикалық қауіпсіздігіне де назар аударуы маңызды.

Ойыншықтың материалы неғұрлым қарапайым, солқылдақ болғаны жөн. Мұндай үлгідегі ойыншықтар баланы ешқашан жалақытпайды. Мәселен, доп, кубик, қуыршақ тәрізді ойыншықтар үнемі бүлдіршінің қолынан түспейді. Егер ойыншықтың материалы ажарлы болса, ол соғұрлым бала мінезінің жақсы қалыптасуына, жаттығуына дағдыландырады. Бір ескеретін жайт, кейде балалар жаңа сатып алған ойыншықты сындырып, ішкі құрылысымен танысқанды жақсы көреді. Мұндай сәтте ашуланбағаныңыз жөн. Ойыншық балаға ұнаса, оны бірден бөлікке бөліп, ішкі құрылысына

үңіледі. Осылай бүлдіршін өз ойымен түзетуді, қайта құрастыруды үйренеді. Сәбидің жас ерекшеліктеріне қарай ойыншықтар да түрге бөлінеді. Сондықтан ойыншық сатып аларда бала талғамына, жасына қарағаныңыз абзал, – дейді Дәмектен Қосанова.

Маманның айтуынша, ойыншықтарда шамадан тыс иіс пен түрлі химиялық қосындылар болмауын қадағалау керек. Сонымен қатар тиісті норманы да талап ете білу қажет. Ойыншықтың тиісті сертификаты пен арнайы құжаты болуы шарт. Онда өнімнің құрылымы жөнінде толық ақпарат, өндіруші кәсіпорынның мекен-жайы, кей жағдайда жарамдылық мерзімі көрсетіледі. Жалпы заң негізінде әрбір ойыншық «Халық тұтыну тауарлары және көрсетілетін қызметтерді сертификаттау тізіміне» сәйкес сапа құжатына ие болатыны белгілі. Сондықтан әрбір тұтынушы ойыншық сатып аларда оның сапасына ғана емес, таңбалау сертификатына да қарағаны жөн.

Берен ШАҒЫРОВ



Расында базарға бара қалсаң, балаларға арналған ойын құралдары самсап тұр. Ойыншықтың сан алуан түрі, аңның бейнесіндегі матадан тігілген жұмсақ қуыршақтар, тағысын тағы көздің жауын алады. Бағасы да қалтаға қонымды. Арнайы дүкендерге қарағанда базар бағамы төмен болғасын ба, ата-аналар да тауардың сапасына бас қатырмайды. Ойыншықтың баланың ойлау қабілетіне қаншалықты әсер ететінін, психологиялық өзгерісін саралауды айтпағанда, қуыршақтың сыртқы бояуы, беріктігі, бөбек қауіпсіздігі туралы қарапайым кеңесті де елемейтін секілді. Нәтижесінде аз уақытта сапасыз ойыншықтың салдарын тартып, сан соғып отырады.

Жалпы нарықтағы балалар ойыншығының сапасы туралы айтпас бұрын тауар импортына

ҚАЗГИДРОМЕТ: ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚТАН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?



– Облыс бойынша қараша мен наурыз айының аралығында жауын шашын мөлшер шамасында түседі. Ал сәуір мен қазан айының аралығында мөлшер шамасынан аз жауады. Облыс бойынша ауа-райын бақылайтын 9 дәстүрлі, 6 автоматты метеостанса бар. Яғни әр үш сағат сайын ауа-райын метеорологиялық сипаттамаларын, атмосфералық қысымды, ауа мен топырақ температурасын, желдің бағыты мен жылдамдығын, бұлттылық пен ылғалдылықты және одан да басқа құбылыстарды бақылайды. Сол

«Сүмбіле туса» күн суыды деп, жылы мезгілді «мизам шуаққа» балайтын қазақ халқы күн райын өзі болжаған. Табиғаттың тілін түйсігімен

түсінгендіктен шаруасын да соған сай реттеп отырған-ды. Зымыран заманның дамыған уақытында бұл іспен арнайы мамандар айналысуда. Метеорологиялық өлшем мен құбылыстар адам өміріне, тікелей әсер етеді. Оған қуаңшылық десе өңі қуарып кететін шаруалардың күйі дәлел. Демек жай-күйдің жайлы болуы үшін күн райының құбылмалы мінезін тап басып тану керек. Осы ретте «Қазгидромет» РМК Қызылорда филиалының метеоболжау бөлімінің бастығы Жөкелова Айгеріммен әңгімелескен едік.

– Облыс климатына құрғақшылық тән. Жалпы жауын-шашынның жоғары үлесі қай мезгілге тиесілі? Жалпы ауа райына болжам қалай жасалады?

мәлімет арнайы жер картасына түседі. Сонымен қатар Қазақстан бойынша тоғыз аэрологиялық станция бар. Соның бірі Қызылорда қаласында орналасқан.

Тәулігіне екі рет радиозонд ұшырылады. Бұл биіктік бойынша 850 гектопаскаль атмосфераның метро құбылыстарының мәліметін қадағалайды. Яғни жер мен биіктік картасына түскен мәлімет арқылы циклон мен антициклон жүрісін, атмосфералық фронттардың орналасуын қарап, ауа райы болжамын жасаймыз. Тағы басқа да әдіс-тәсілдерді негізге аламыз.

– Ауа райының қолайсыздығы шаруа қожалығы мен адамға да әсер етпей қоймады. Осы тұста 112 нөмірінің қызметі жайында не айтасыз?

– Иә, аптап ыстық алқапқа әсер етпей қоймайды. Егістіктегі қызу тірліктің қарқынын бәсеңдететін де осы себеп. Тіпті күннің ыстығы адам ағзасының жұмысын тежеп, түрлі ауруға ұшыратады. Тымырсық ауада тыныстай алмай, қапырықта қалжырау сынды әлсіздіктің пайда болатыны содан. Бұл тек жаз мезгіліне ғана қатысты емес. Табиғаттың мінезі тосыннан өзгергенде сақтық шараларына назар аудару керек. Мәселен қауіпті құбылысқа 15 м секундтан жоғары жел, найзағай, шаңды дауыл, бұршақ пен 45 градустан жоғары қатты ыстық, қыс мезгілінде көк тайғақ, аяз бен боран жатады. Облыс бойынша осындай болжам жасалған мезетте дабылды ескерту арқылы төтенше жағдайлар департаментіне жіберіледі. Сөйтіп 112 нөмірінен келетін хабарлама бойынша халық алдын-ала хабардар болады. Күнделікті 24 сағат үзіліссіз жұмыс істегендіктен, төтенше

жағдайлар департаментімен тікелей байланыстамыз.

– Гидрометеорологиялық орталықтың жабдықталуы қалай?

– Қазіргі таңда орталық жаңа заманауи жабдықтармен жабдықталуда. Ауа райының болжамын жасайтын Еуропалық модельдер және радиозонд бойынша жұмыс істейтін модельдер көбеюде. Сондықтан Қазгидрометтің дамуы жоғары деңгейде. Орталықтағы ауа райын болжайтын метеоболжау бөлімі және метеостансалар әр үш сағат сайын ауа райына бақылау жасайды. Ауа райы болжамының дәлме-дәл келуі облыс әрі қала бойынша 97-99 пайызды құрайды.

– Осы айдағы ауа райы болжамына тоқталсаңыз...

– Өңірімізде тамыз айындағы ауаның орташа температурасы +25, +28 градус шамасында күтіледі. Бұл мөлшер шамасынан 1 градусқа жоғары деп болжануда. Жауын-шашын мөлшерінің түсуі тамыз айында мөлшер шамасынан аз болмақ. Негізгі мөлшер шамасы – 2 және 6 мм-ді құрайды. Алдағы онкүндіктің ортасында ауа температурасы +25. Ал облыстың оңтүстігінде 33 градусқа дейін төмендесе, екінші онкүндіктің аяғында температура +35-40 градусқа қайтадан көтеріледі. Облыс бойынша 10-12 тамыз күндері екпінді жел күтіледі. Сондай-ақ, Қармақшы ауданы және облыстың оңтүстік бөлігінде құрғақшылық болады деп болжануда.

– Өңігімеңізге рақмет! Сұхбаттасқан Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

«Айдын сулар, аймақ көл – тасыса дөңбек келтірер» демей ме Шалкиіз жырау. Яғни тіршілік көзі саналған судың тілсіз жәу екені де рас. Қаперге алмаса қапияда қыршын қылып, салдары сан соқтырады. Әйтпегенде тасқыннан тасада қалу мүмкін емес. Жерді су жайласа жалпақ жұрттың үрейі үдеп, күдігі көбеймей ме? Мәселен толассыз жауған жауынның тоқтамы болмай, көрші елдің көшесі көл-көсір суға толды. Су тасқынымен күресте Қытайдың қауқары да жете қоймады. Өлбетте табиғаттың тылсым күшіне төтеп беру оңай емес. Десе де қауіп-қатердің алдын алуды қарастырып, қамданған ләзім. Айтып келмеген апаттан азап шеккендер бар. Ақпаратқа сүйенсек, Цилинь провинциясындағы Шулань қаласына жауған нөсер жаңбырдан кем дегенде 14 адам қаза тапқан. Енді ғана аймақта жаңбыр тоқтап, су қоймалары мен ірі өзендердегі су деңгейі қауіпсіз деңгейге төмендеді.

Асылында, апаттан алыс болудың амалы – оның алдын алу. Мәселенің ахуалы алаңдататыны ақиқат. Еліміздегі жағдай мәз емес секілді. Себебі, басшылық кей өңірлердің су тасқынына дайын еместігін айтып дабыл қағуда.

– Елімізде су тасқынының алдын алу шаралары уақтылы орындалмайды, салдарынан мемлекет көп шығындалады. Өз кезегінде, ТЖМ-гі құзыреті шеңберінде Жол картасының іс-шараларын орындалуын үйлестіруді жүзеге асырады. Оның орындалуының талдауы көрсеткендей, 218 іс-шараның 88 немесе 40% орындалды оған шамамен 14 млрд теңге жұмсалды, - деді Төтенше

жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов.

Сонда жол картасында бекітілген жұмыстардың жартысы да аяқталмаған. Бұл Абай облысында ғана 100%-ға орындалғанын айтты. Ал Шымкент қаласында Бозарық каналын күрделі жөндеуден өткізу жоспарланғанымен, техникалық тексеруден басқа ешқандай жұмыс жүргізілмеген. Сонымен бірге облысымыз бойынша үшінші жыл қатарынан Сырдария өзенінің арнасын тазартуға бөлінген бюджет қаражаты игерілмеген.

– Тәжірибе көрсеткендей қарастырылған су тасқынына қарсы іс-шараларды

тартпай, қаражатты орынды жұмсаған ләзім. Шынында да шығынды көбейткеннен гөрі оған дейін мәселенің мәнін тапқан құба-құп. Игілікке бағытталған қаржының игерілгені жөн-ақ. Әйтпесе желге ұшқан ақшаның есебін айтпағанда, адам өміріне де жауапты болу керек шығар.

Ал Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев керісінше, су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстары уақтылы жүргізілгенін айтты. Ведомство басшысы 2023 жылғы су тасқыны кезеңі штаттық режимде өткенін, сондай-ақ жол төсемі мен жасанды құрылыстардың шайылып кету қаупі туындамағанын мәлімдеді.

барысы тұрақты бақылауда. Барлық қажетті іс-шара өткізіліп келеді. Кешенді шаралар су тасқыны қаупі жоғары учаскені азайтуға, жолдардың қирауын алдын алып, көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Кейінгі 3 жылда су тасқыны қаупі бар учаске 1,2 есеге азайды», деді Марат Қарабаев.

Министрдің айтуынша, қауіпті кезеңде жедел шаралар қабылдау үшін 17 арнайы металаралық құрылым, 44 рельс пакеттері дайындалып, ТЖМ аумақтық органдарымен теміржол төсемінен жоғары орналасқан 83 су қоймасы мен бөгеттердің жай-күйі тексеріліп жатыр.

үшін тындырымды істің атқарылғаны қандай жақсы.

Үкімет отырысында Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова да су тасқыны бар аймақтар туралы тілге тиек етті.

Су тасқыны кезеңіне дайындық мақсатында Министрлік және оның ведомстволық бағынысты құрылымдары мынадай іс шараларды жүргізбек. Жыл сайын «Қазсушар» РМК базасында Министрліктің жедел штабы құрылады. Кезекшілік кестесі бекітіліп, су шаруашылығы жағдайына тұрақты мониторинг жүргізіледі. Республикалық меншіктегі барлық гидротехникалық құрылыстарда тасқын суларды апатсыз өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленіп, объектілерді тексеру актілері мен дайындық паспорттары, сондай-ақ



орындамау үлкен су тасқыны салдарына әкеледі. Мысалы, биыл Батыс Қазақстан облысында 210 тұрғын үй, Ақтөбе облысында – 89 тұрғын үй, Қостанай облысында – 44 тұрғын үй су астында қалды. Бұл ретте Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында 46 тұрғын үй тұруға жарамсыз деп танылды. Нәтижесінде Ақтөбе облысының әкімдігі 24 үй тұғызса, Батыс Қазақстан облысында – 16 үй салынды. Жалпы 1,3 млрд теңге жұмсалды. Жыл сайын ықтимал қауіп пен үлкен материалдық шығынға ұшырағанша, осы қаражатты күні бұрын алдын ала ескерту үшін пайдалануға болатын еді, - деді министр.

Иә, құрғақ қисапты алға

СУ ТАСҚЫНЫ: СЕҢ МЕН СЕЛГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЮ КЕРЕК

«Су тасқыны қаупі жоғары жол учаскелерінде су өткізу құбырының мөлшері мен санылауларының диаметрі ұлғайтылып жатыр. Қауіпті кезеңге автомобиль және темір жолдарды дайындау

Байыпты байламмен жұмыстың жүйелі жүргізілуіне атсалысса көптің көңіліндегі күдік те сейілмек. Тиісінше бұл дүдәмал ой кешуге душар етпейді. Сондықтан тығырыққа тірелгенде жалтақтамас

ТЖ туындау қаупі дәрежесі бойынша су шаруашылығы объектілерінің тізбелері жасалады. Сонымен қатар, көрші мемлекеттерде орналасқан трансшекаралық су объектілерінде су жинақтау көлемі талданбақ. Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда «Қазсушар» РМК бөлімшелері инертті материалдардың қажетті қорын дайындауда.

Өлбетте сақадай-сай дайындық тасқынға тосқауыл болатыны анық. Сондықтан мүмкіндікті мүлт жібермей, бюджеттегі қаржының бөлініске түспеуін қадағалау маңызды. Әрбір құрылған жоспар мен жүзеге асырылған жұмыс табиғат табан астынан мінезін көрсеткенде теңселіп кетпеуімізге тірек.

Нәзік АХМЕТ



«ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ҮШІН ҮЗДІКСІЗ ІЗДЕНІС ҚАЖЕТ»

– Гүлзат Бұрабайқызы, алғашқы сауалды ұстаздық жолға келуіңізден бастасақ. Неліктен мұғалім болуды таңдадыңыз?

– Мектеп қабырғасынан бастап шығармашылыққа, көркем әдебиетке жақын болдым. Белсенділігім де осы тұста анық аңғарылатын. Түрлі сайыстар, олимпиадалар осы мамандыққа келуіме жетелеген қозғаушы күш десем артық айтқандығым емес. Оның үстіне мінезім, қалпым мұғалім имиджіне сай келетін. Мектеп бітірген соң ойланбастан осы жолды таңдадым, оған еш өкініш жоқ. Жаныңа жақын, сүйетін ісіңмен айналысқанда әр адамның шабыты ашылады. Сондықтан оқушылардың жұлдызын жағып, елдің болашағына үлес қосатын абыройлы ісім – өмірдегі қатесіз таңдауым деп айта аламын.

– Балаға жаттанды жолмен білім үйрету нәтиже бермесі анық. Жаңа тәсіл, ерекше көрнекілік пайдаланудың уақыты келді. Сіз сабақ барысында қандай ерекше әдістемені қолданасыз? Өзіндік білім беру моделіңіз бар ма?

– Осы сұраққа үнемі «ЗЖ» деп жауап беретін едім: жауапкершілік, жан-жақтылық, жаңашылдық. Бұл да менің кішігірім моделім шығар. Себебі, мұғалімге тек білімді болу жеткіліксіз. Өрбір сабаққа жауапты дайындалып, шығармашылықпен өту арқылы ғана баланың білімін арттыра аламыз. Дәстүрлі әдістемені жоққа шығара алмаймыз, біз шетелдік модель деп жүргеніміздің бәрі өзіміздің зиялылардың еңбектерінен бастау алады. Тек соны заманына лайықтап, жаңашылдықпен құбылту мұғалімнің шеберлігін қажет етеді. Ахмет Байтұрсынұлының жеті қағидатын үнемі басшылыққа аламын, бұл қазіргі таңда қолданылып жүрген «Блум токсономиясының» нақ өзі. Сондықтан оқушыға өз ойын қазіргі заманмен байланыстыруына, алған білімін тәжірибеде қолдануына жағдай жасауым, яғни функционалдық сауаттылығын арттыруым – жасанды әрі жаттанды білімге жол бермеудің басты әдісі.

– Саладағы жетістігіңізбен бөліссеніз...

– Облыста Назарбаев Зияткерлік мектебі ашылғалы осы оқу ордасында жұмыс жасап келем. 10 жылдық тәжірибемде шәкірттерім арқылы, өз білігімді шыңдап отырған ортам арқылы түрлі жетістіктерге қол жеткіздім. Солардың ең маңыздыларының бірі – 2018 жылы республикалық байқауда «Жаңашыл мұғалім» атанып, бес жүз мың теңге сыйақыға ие болуым. Республика көлемінде сабақ беру әдісімен бөлісіп, мыңдаған ұстаздың арасынан үздік көріну, өрне, мен үшін әрі қарай дамуыма шабыт берді. Осыдан кейін бірнеше облыстық байқауларда қазылық еттім. Бұл да үлкен тәжірибе болды. Әдістемелеріммен бөлісу арқылы 2022 жылы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай өткізілген республикалық панорамалық сабақтар байқауында жеңімпаз атандым. Мұнда ұлт зиялысының ұлы еңбектерін насихаттап, сабақта қолдану әдістеріммен бөлістім. Жетістікке жету жасқа қарамайды. Жас болып жүріп-ақ бас болуға болады. Ол үшін ең бастысы үздіксіз ізденіс, зерттеу және еңбек қажет.

– Шәкірт жетісігі — ұстаз еңбегі. Әдеби, пәндік сайыстардан олжалы оралып жүрген оқушыларыңыз туралы айта көтсеңіз.

– Ұстаздың бағын да, бабын да келтіретін ол – шәкірттері. Оқушының бойындағы отты маздатып, өшіріп алмау – ұстаздың тікелей міндеті. Ол оқушыларды сабақтан тыс уақытта дайындық жүргізіп, сайысқа дайындап, олимпиадаларға қосып жатамыз. Нәтиже де жаман емес. Мәселен, 2021 жылы мектебіміздің 10-сынып оқушысы Мұхитқызы Ханшайым желілік олимпиадада екінші орынды жеңіп алып, Өскемен қаласында өткен «Қанипа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиадаға» қатысып келді. Осы жылы 11-сынып оқушысы Сұлтанбаева Үміт деген оқушымыз желілік байқау жеңімпазы атанды. 8-сынып оқушысы Ерланқызы Торғын облыстық эсселер байқауында топ жарды. Айта берсек, мұндай сайыстар көп. Ең бастысы –

оқушыға дұрыс бағыт беріп, мүмкіндіктеріне жол ашу. Ана да, дана да, ақын да, батыр да ұстаз алдын көрген, ұстаз соңынан ерген деп жағдайы ғой. Осындай оқушыларға үлгі болып, болашағын қалыптастыруына кішігірім үлес қоссақ та

Гүлзат Шынтасова – педагогика ғылымдарының магистрі, Қызылорда қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Ол білім беру ісінде үздік нәтиже көрсетіп, түрлі байқауда топ жару арқылы кәсіби шеберлігін көрсетуде. Жуырла ұлағатты ұстазбен сұхбаттасып, мамандық турасында әңгіме өрбіткен едік.



Бұл үрдіс мамандық келешегіне қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

– Жалпы, ұстаздың қоғамдағы орны қашан да жоғары болған. Өрне, әлеуметтік жағдайдың жақсы болғаны, жастардың мұғалімдікті таңдауы қуантады. Десе де, материалдық құндылыққа басымдық беріп, осы саланы таңдаған талапкердің болашағы жарқын болады дегенге сену қиын. Өз мамандығын сүйіп, қыр-сырына қанықпайынша, оқушы алдында ұлағатты ұстаз бола алмайды. Соның әсерінен білімсіз ұрпақтың көбеюіне, ұстаздың мәртебесінің төмендеуіне өзіміз жол беріп қоюымыз әбден мүмкін. Сол себепті мұғалім болуға талаптанған жас өз қабілетін мамандығын толыққанды меңгеруге жұмсаса деймін. Бар мәселені білектік емес, білімнің күшімен шеше алатын ұрпақты тәрбиелеу – басты мақсат екенін ұмытпаған абзал.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Берен ШАҒЫРОВ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНСУЛЬТАЦИЯ АШЫЛАДЫ



Өңірде 18 жасқа дейінгі балаларға 5 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызмет көрсетіп келеді. Жыл бойына әр ПМПК 1000-ға жуық баланы қабылдауда.

Қазіргі таңда облыс бойынша ерекше күтімді қажетет етін және мүмкіндігі шектеулі 6711 бала тіркеліп отыр. Мамандар бүлдіршіндерді ерте бастан қаратып, қай жаққа бейімі жоғары, денсаулығында қандай кінәраті бар екенін анықтау аса маңызды екенін айтады. Осы бағытта өңірдің қажеттіліктерін ескере отырып Қызылорда қаласында алтыншы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация ашылатын болады.

Айта кетейік, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация жылына бір мыңға жуық балаға интенсивті бақылау жүргізіп, диагноз қоюға мүмкіндік беретін болады.

ЖАҢА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ



Президент ІТ саласына деген сұраныс пен техникалық ғылымдардың маңызын ескере келе, жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерге басымдық беруді тапсырған болатын. Қызылордада физика-математика бағытындағы мектеп-интернат ғимаратының іргетасы қаланды.

«Ел Президенті Жолдауында «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың маңызды шарты. Өрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс» – деген болатын. Бұл ретте ел дамуына өзіндік үлес қосатын мамандарды оқыту, ІТ саласына жаңа леп әкелетін бағыттарды дамыту – біздің ортақ міндетіміз! Құны 8 млрд теңгені құрайтын жаңа мектеп оқушыларға сапалы білім беруге мүмкіндік жасайтын барлық заманауи жабдықтармен жарақталады.

Мектеп құрылысы келесі жылы аяқталып, оқушылар мен ұстаздар игілігіне беріледі. Шын мәнінде баланың игілігінен артық құндылық жоқ. Ал, өмірде өшпейтін із – балаға берген білім мен мейрім болса керек. Балаларымыздың болашағы зор болсын!», – деді аймақ басшысы.

ҮШ МЕКТЕП ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНА ЕНДІ



Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы биылғы оқу жылындағы жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың республикалық олимпиадасының қорытынды кезеңіне қатысушы мектептер арасында өліміздің 100 олимпиадалық мектептері рейтингісін жариялады.

Нәтижесінде Сыр өңірінен «Қазақстанның 100 үздік олимпиада мектептері» қатарына 3 білім беру ұйымдары енді. Олар №9 дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты – 13 орын, №10 дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты – 15 орын, Абай атындағы №138 орта мектеп – 101 орын иеленді.



МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ: Базар бағасы қандай?

Сабақтың басталарына санаулы-ақ күн қалды. Ата-аналар қызу дайындыққа кірісіп кетті. Дегенмен де бір баланың өзіне қаншама қаражат кетеді. Базардың да саудасы қызып жатыр, іші адамға лық толы екен. Біз де базар бағасын бағамдап көрдік. Базарда екі аттам жердің бәрі мектепке қажетті құрал-жабдық, киім кешекке толған. Адамдардың көптігі соншалықты, бірі-біріне қарайтындай мүмкіндігі болып жатқан жоқ. Алдымен киім-кешектен бастайық деп, үш баланы ерітіп шықтық. Бірі бесінші сыныпқа, екіншісі екінші сыныпқа, тағы бірі мектеп алды даярлыққа барады. Сонымен үлкенінен бастайық.

– Менің үш балам да мектепке барады. Биыл қызым қосылды. Мемлекеттен берілетін көмекті ала алмаймын. Жеке кәсіпкер болғандықтан жеңілдікке таласым жоқ. Көп балалы анымын, десе де үш баланы өз қаражатымнан киіндіріп жатырмын. Екі жүз мың ақша алып шықтым, керек жарағы, киім-кешегі барлығын есептегенде сол ақша кетті. Өлі де алатын майда-шұйде заттары бар. Ақ жейденің өзін 10 мыңға алдым. Спорттық киімнің өзі 15 мың теңге тұрады. Екеуі 30 мың теңге. Сарафан 15, шалбар 15 мың. Үш балаға аяқ киімнің өзі 45 мың болды, – дейді Махаббат есімді ата-ана.

БАЗАР БАҒАСЫН СӨЙЛЕТСЕК...

Ұл балалардың классикалық костюмі 28-35 мың теңгеден жоғары, мектеп шалбары – 5000 теңгеден жоғары, Жейде мен кофта – 5000 теңгеден жоғары, Спорт костюмі – 13 мың теңгеден жоғары, Спорттық шалбар – 8000 теңгеден жоғары, Аяқ киім (классикалық туфли) – 15 мыңнан жоғары.

Қыздардың бантигі – 1000 теңгеден жоғары. Киімдердің өлшемі мен сапасына қарай баға өсіп отырады.

КЕҢСЕ ТАУАРЛАРЫНА ДА КЕЗЕК МЕКЕП

Ал оқу құралдарына келсек, мектеп сәмкесінің ең арзаны – 5 мың теңгеден. Сапасына қарай 15 мыңға дейін сататындар да

бар. Ал жалпы 1-3 сыныптың бір ғана оқушысына толық оқу құрал-жабдығын алу үшін 35 мың теңге кетеді екен.

«Бұған дейін кеңсе тауарларында аса көп адам болмайтын. Қазір сезон ғой. Кей кезде үлгермей кетеміз. Ата-аналар 5-6 қаласына бірдей алады. Ол да уақыт ұстайды. Бағада да өзгеріс бары анық. Біз қолдан көтермейміз, бізге де келгенде бағада айырмашылық болады. Бағаны негізсіз өсіруге себеп жоқ. Өзім де анамын, балаларыма да құрал-жабдықты осы жерден сатып аламын. Ата-аналар көбіне балаларымен бірге келеді, олардың көңілдерін қымай сұраған заттарын алып беріп жатады. Қымбат, өдемі заттарға қызығады, қаласпап пен дәптердің де қымбатын алғысы келеді. Сондықтан да көп ақшасын жаратады деп ойлаймын, – дейді Айман есімді сатушы.

40 567 ТЕҢГЕ: КІМДЕР АЛАДЫ?

Жыл сайын мектеп оқушыларына қаржылай көмек көрсетіледі. Оның бағасы әр жылда әр қалай, әр өңірдікі әр түрлі. Сондай-ақ белгілі бір санаттағы тұлғалар ғана алуға құқылы. Міне, қазіргі таңда бұл қаржыны алуға ата-аналар ұзын сонар құжат дайындап өлек. Бүгінгі таңда барлық құжат элетронды жүреді. Ата-ананы сандалтпай, базада көрсетілген мәлімет бойынша тағайындай беруге болмайды ма деп тағы ойланасын. Анығында кімдер алады, қаржы көлемі қанша? Бір үйде 4 бала оқыса барлығына да беріледі ме? Сосын жеке меншік мектепте оқитын балалар бұл жеңілдікке қалай ілігеді? Қарастырып көрейік...

Биыл халықтың әлеуметтік осал топтарынан 400 мыңнан астам бала материалдық көмекпен қамтылады. Ата-аналар мемлекеттен берілетін ақшаға мектеп формасы мен оқуға қажетті

құрал-жабдықтарды өздері таңдап ала алады. Қаражаттың ең төменгі мөлшері – 40 567 теңге. Ақша ата-аналардың шотына аударылады. «Қаражат ата-аналарға балалармен бірге мектеп формасын, аяқ киімді, кеңсе тауарларын өздері таңдап алу үшін беріледі. Қабылданған өзгерістер ата-аналар мен балаларға жеткізушілерді өз бетінше таңдауа мүмкіндік береді», – дейді Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Жолдас Батырхан.

«ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ОҚЫТУ» ҚОРЫ ТӨМЕНДЕГІ САНАТҚА ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ

Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан балаларға, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балаларға, жетім және ата-анасыз мемлекеттік қамқорлығынсыз қалған балаларға, төтенше жағдайға тап болған оқушыларға (сондай ішінде Абай облысында өрттен қаза тапқан орманшылардың балалары да бар).

ЖЕКЕ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

Журналист Үйтолған Жареке фейсбук парақшасына пост салды. Оның айтуынша жеке мектепте оқыған балалардың ата-анасы мемлекеттік мектепке ауыстырып жатыр екен. Себеп сол 40 мың теңге көмекті алу мақсатында. Бұл жазбаға қатысты облыстың білім басқармасы жауап берді.

«ҚР Үкіметінің №64 Қаулысына сәйкес 5 санаттағы отбасылардың балаларына Міндетті оқу қоры есебінен көмек беріледі. Міндетті оқу қоры бюджет және бюджеттен тыс қаражат

есебінен құрылады. Яғни, жергілікті бюджет есебімен бірге демеушілер көмегіне де жүгінеді. Сонымен бірге, Міндетті оқу қоры тек мемлекеттік мектептерде қаралған.

Бүгінгі күні жеке мектептерде аз қамтылған отбасынан шыққан 2000-нан астам бала білім алуға. Жеке мектептерде аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек көрсету үшін тиісті нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізілетін болады.

Көмек алуға байланысты кейбір отбасылар мемлекеттік мектептерге балаларын ауыстыру деректері орын алуға. Бұл ретте, балаларын оқыту үшін мектеп таңдау ата-аналардың өз құзыретіне кіреді. Осыған орай, жеке мектептен мемлекеттік мектептерге ауысқан оқушыларға көмек көрсету үшін мүмкін болар жолдары қарастырылуда.

Бұл ретте, басқарма қызметкерлері тарапынан мектеп басшыларына демеушілермен мәселе шешу жөнінде тапсырма берілмегендігін жеткізеді. Сондай ақ «Мектепке жол» акция барысында демеушілерді тарту жұмыстары барлық құзыретті органдармен жүзеге асырылады», – дейді Қызылорда Облысының Білім Басқармасы.

Он-он екі құрсақ көтерді деп аналарымыз жайлы көп айтылатын. «Ұл-қыздарын бақты-қақты құтты орындарына қондырды» деген сөзді жиі естітініміз. Сол кезде осынша баланы қалай жетілдірген деп таң қалғанымыз жасырын емес. Ол кезде мемлекеттен жыл сайын ата-анаға ақша берілмейтін. Мектеп ішінде сәмке, аяқ киім, сырт киім үлестіретін. Қазіргі ахуал қандай? «Қазіргі ата-аналар баланы үкімет үшін туады ма? Сол ата-аналардың аке-шешелер өздерін ел жағалап киіндірген жоқ. Неге соны ұқпайды? Үкімет 40 мыңнан береді дейді, айналып келгенде мектеп басшыларының, мұғалімдердің соры демеуші іздеп. Тірі адам тіршілігін жасау керек қой», – дейді Айнұр есімді бойжеткен.

Мөлдір САБЫРЖАН



республикалық бюджеттен 899 млн теңге, ал 2023 жылы 1 млрд 600 млн теңге бөлініп, бүгінді тиісті жұмыстар жүруде.

– Өткен жылы демеушілерді тарта отырып, 9 елді мекеннің электр желісін жаңғыртуға жоба жасалып, сараптамадан өтті. Жобалардың жалпы құны 2 млрд 300 млн теңгені құрады. Аталған жобаны бастауға 2023 жылы республикалық,



Жаңақорған ауданында ерекше кәсіппен айналысушылар қатары уақыт өткен сайын артуда. Әсіресе, мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен қайтарымсыз грант алып, өз ісін дөңгелетіп отырған азаматтар жетерлік. Жалпы ауданда шағын және орта кәсіпкерлік саласында 7 мыңнан астам кәсіпкер тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 22,5 пайызға ұлғайып отыр. Тиісінше саладағы белсенділік көрсеткіші 96,8 пайызды құрады. Аталған ақпаратты өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Жаңақорған ауданының әкімі Мұрат Тлеумбетов хабарлады.



– Жаңақорған – кез келген кәсіппен айналысуға ыңғайлы аймақтың бірі. Осы себепті жыл сайын ауданда кәсіпкер қатары көбейіп, өнімдер өзге өңірлерге де жөнелтілуде. Аудан бойынша жыл басынан бері 230 жобаға 1 млрд 599 млн теңге қаржылай қолдауы көрсетілген.

Мәселен, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытуға арналған Ұлттық жоба шеңберінде жұмыспен қамту орталығы арқылы 100,6 млн теңгені құрайтын 73 жоба грант жеңіп алса, 131 жобаға 1 млрд.200 млн теңгенің несиесі берілді. Сондай-ақ «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында несие алуға 3 млрд.400 млн теңгені құрайтын 505 жоба іріктелді. Ал

бөлшек сауда көлемі 3 млрд 405 млн теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 111,9 пайызды құрады, – деді аудан әкімі Мұрат Тлеумбетов.

Бұған қоса ауданда электр желілерін жаңғыртуға «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында

облыстық бюджеттерден 503 млн теңге қаржы бөлінді. Сонымен қатар, осы жылдың басынан демеушілер есебінен тағы да 10 елді мекеннің электр жүйелерін жаңғыртуға жоба жасап, 2024 жылдың бюджетінен қаржы бөлдіру үшін салалық министрлікке бюджеттік өтінім тапсырылды. Жобалардың жалпы құны 3 млрд 300 млн теңге. Осы жобалар жүзеге асқан уақытта электр желілері жаңартылады, – деді аудан басшысы Мұрат Жолкелдіұлы.

Аудан әкімі баспасөз конференциясында Жаңақорған кенті ғана табиғи газға қосылып, тұрғындарға шаққандағы газдандыру үлесі 38,8 пайызды құрағанын, осы жылдың сәуір айында Бірлік, Қыраш елді мекендеріндегі газ пайдалануға берілгенін айтты.

ЖАҢАҚОРҒАНДА КӘСІПКЕРЛІК ЖАНДАНУДА

ҚАЛА ЖАСТАРЫ ҚАНДАЙ ШАРАДА БАС ҚОСАДЫ?

12 тамыз – Халықаралық жастар күні. Осыған орай, қала әкімімен жастар апталығы бекітіліп, 7-12 тамыз күндері аралығында жастар арасында түрлі шара ұйымдастырылады. Бұл мәліметті «Qosy!» қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Әліби Басаров хабарлады.



Атаулы күнді мерекелеу 8 тамыздан, яғни қала жастарының арасында тазалықты дәріптеу мақсатында «ECO Marathon» сенбілік акциясын өткізуден бастау алады. Акция барысында «Барлық игілік балаларға» жастар акциясы өтеді. Яғни, қала аумағында жөндеуді қажет ететін, балаларға арналған ойын алаңдарын қалыпқа келтіру және көпшілік қайырымдылық шарасы болмақ. Сонымен қатар, «Мүмкіндіктер керуені» шарасы өткізіледі.

10 тамыз күні – «Самғау» жастар сыйлығы аясында қала жастары арасында қала көлеміндегі құрылыс нысандарының басында «Тас қалаушылар» байқауы өтеді. 11 тамызда «Qosy!» жастар орталығының спорттық алаңында (К.Байсейітова, 82 үй) қала және қалаға қарасты кент және ауылдық округтердегі жастар арасында волейбол, үстел теннисі және ұлттық спорт түрлерінен (арқан тартыс, гір тасын көтеру, қол күрес) сайыс ұйымдастырылады.

ЖАС САРБАЗДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ



12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай, «Arag city mall» ойын-сауық орталығында «Жас Сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері әскери ант қабылдады.

Шара аймақ жастарын әскери-патриоттық бағытта тәрбиелеу, өскелең ұрпақтың бойында Отансүйгіштік қасиет қалыптастыру мақсатында тұрақты түрде өткізілуде. Ант қабылдау сәтіне Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлері қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Ршауов Мыңділдә, «Застава тарландары» шекара ардагерлері Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы Худаяров Асан Беркімбекұлы, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің кадр жұмысы бойынша бөлімшесінің аға офицері Жанабаев Баубек Бахытұлы қатысты.

Сондай-ақ, Қызылорда облысы Ұлттық Қауыпсіздік Комитеті Шекара қызметі департаментінің өкілдері жасөспірімдер арасында, әскери оқу орындары және болашақ офицерлік қызметтер жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

БАЙҚОҢЫРҒА САПАРЛАУ ТУРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Биыл жаңа оқу жылынан бастап қазақстандық оқушылар Байқоңыр ғарыш айлағына сапарлай бастайды. Бұл туралы толығырақ «Kazakh Tourism» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Қайрат Сәдуақасов хабарлады.

«Осыдан 5 жыл бұрын мектеп турларын әзірледік. Бұл бағытта танымал тұлғаларды жобаға қатыстырдық. Бүгінде бастаманы әкімдіктер қолға алды. Қазір Байқоңырға оқушылар туры әзірлеп жатырмыз. Туризмді ілгерілетуде мектептер де ашық болуы керек. Оқушыларға арналған турларды ұйымдастыруда біз қауіпсіз, аккредиттелген және тәжірибесі жеткілікті туроператорлармен байланыс орнатуға дайынбыз.

Бұл жерде балалардың экологиялық сауатын аша түсу мәселесі де шешім табады. Мысалы, Торыш аңғарында тас ұрланған. Бұл жерде мәселе жалпы мәдениеттің жоқтығы. Осы орайда балаларға ерте жастан жөн сілтеу керек. Ұрланған тастың геологиялық құнды дүние екенін айту жеткіліксіз. Үнемі түсіндірме жұмысын жасау шарт», – деді Қайрат Сәдуақасов.

Оның айтуынша, жыл сайын 15 мың қазақстандық жас

туризм туралы деріс алады.

«Келесі айда аккредиттелген туроператорлар тобымен Байқоңырға барамыз. Онда оқушыларға арналған турларды қалай өткізу керегін қарастыру жоспарланған. Мамырда зымыран ұшыру сәтіне куә болдық.

Онда барудың жеңіл жолдары бар. Жалға берілген аймақ болғандықтан кейбір кедергілер болды. Енді ол оңайға түседі, себебі ғарыш айлағының жекелеген алаңдары «Қазғарышқа» беріледі. Биыл оқу жылының басында оқушыларға қызықты тур ұсынамыз деп ойлаймын. Бұл жерде Оқу-ағарту министрлігінің бірлесуі өте маңызды. Олар балаларға қызықты сабақтар ұйымдастыруға қол ұшын созуы керек. Сондай-ақ іске туроператорларды тартқан жөн», – деді спикер.

Сондай-ақ спикер турды ұйымдастыруда

балалардың қауіпсіздігі және туроператорларға артылатын жауапкершілік туралы айтты.

«Тур кезінде балалар төтенше жағдайға тап болмас үшін жауапты тарап болуы керек. Осы орайда нормативтік-құқықтық актілер арқылы туроператорларға қосымша жауапкершілік белгілеуге дайынбыз. Туроператорлар жауапкершіліктен қашпайды. Олар бұған дейін де дәрігерлер, мұғалімдердің қатысуымен тур ұйымдастырып келеді. Бұл міндетті орындау үшін субсидия қажет», – дейді Қайрат Сәдуақасов.



ШАЛА

Бір өлең бүгін түсік тастады,
Сосын ба оны жетімек депті.
Ол ақын жырын ішіп бастады,
Бір өлең тағы шетінеп кетті.

Сәбилер жанның гүлдеуін көрді,
Кіндігін мұның қиямын құрсын.
Сүтке жарымай бір буын өлді,
Түкке дарымас қиялық қыршын.

Бір шумақ бүгін шала туылды.
Жылады өлең жалаңаштанған.
Ұнатпайтындай дала шуылды,
Уызсыз сонда балаң аш қалған.

Балөлеңдердің аздығы кімнен,
Арадай аңсар гүлбақтарына.
Мұндаламайды мазмұны мүлдем,
Іңгөламайды ырақтары да.

Ұмытпасын деп ұятты ғалам,
Қорғағым келді ел есін жаттан.
Ақ қағаз ақ бөз сияқты маған,
Жетімек жырдың денесін жапқан.

АСПАЗ

Мен сірә сүймес жанды сүйдім, аспаз.
Жандым, пістім, қайнадым, күйдім, аспаз.
Жүрегімнің дертіндей дәмді асыңа,
“Қолыңыз дерт көрмесін” деймін аспаз.

Өсіп-шығып тұратын ізіне гүл,
Ғашықтардың қарашы жүзіне бір.
Тұзы көп тамақ ішкен өмір бойы,
Сүйгендердің тұздан да тұзы жеңіл.

Шабыт-шырын, мейірім-мұнараң бал,
Тіл үйірген үйлесім ұнаған дәл.
Махаббатпен пісірген тағамыңды,
Жауыздықпен жейді кеп мына адамдар.

Дабыл қағып жатқандай шапшып ішім,
Тағы қандай тәттің бар тақсыр үшін.
Даяшы сезім суын әкеле бер,
Дайын болып қалса егер тапсырысым.

Қоғамға қарны ашқанға теліді, аспан.
Менің де аз-маз шыдамым кеміді аспаз.
Ішіне ел қонған соң елдің бөрі,
Ұмытып кетеді ме сені де, аспаз!

АС-болсын!

ЖҮРЕККЕ ЖАСЫРЫНҒАН ЖАН

Жасырып ішке жаңбыр да сырды,
Жасымық ойлар таң нұрға сіңді.
Сыртынан аяп кетемін кейде,
Махаббаттағы тағдырласымды.

Тербейді мені тағы да түнім,
Бермейді сезім жанымға тыным.
Біздің жүрекке біз қадағандай,
Күй кештіреді сағынатыным.

Бағымның жұмақ бағасы нұрлы,
Жанымның, бірақ, жарасы мұңды,
Аялайсың ба сұлулығымды,
Аямайсың ба қарашығыңды.

Құлжаға ұқсап жандандың таңым,
Ұрзада ойға таңдандым жалын.
Сезім сарайы суымайды ғой,
Жүрегі жылы жандардың, жаным.

Ғазизім, нәрім, ғашығым, әнсің,
Өзизім нұрдың асылынансың.
Тілегіме кеп тоғысқан арман,
Жүрегіме кеп жасырынғансың.

Бағымды білсең баптай білемін,
Жалынды жанды таппай жүр едім.
Жүрексіңсең де жүрегім менің,
Жүрек есігін қақпай кіремін.

ҚАЙЫРЛЫ...

Қайырлы таң!
Жабырқаған, жаным-ау, жайым жұтаң.
Қара тамнан кетіп ем ауылдағы,
Ала-таңнан мен неге уайым жұтам!?

Қайырлы күн!
Қия бассaq біздерді қайырды кім!?
Болашақта бір үміт жылындырар,
Бала шақта бақыттан айырды мұң.

Қайырлы түс!
Жеңіске жетелемес уайымды ұтыс.
Қайыры жоқ достарым қайдасыңдар,
Қайырылмай кетер ме байырғы тұс.

Қайырлы кеш!
Қайғы жастап жатқандай қайынды кеш.
Өмірің өтіп кетсе өкінішпен,
Өмірден өте салу қайырлы емес.

Айымбысың!?
Сезімнің қашан көрем қайырлысын,
Солқылдайды білемін кеуде тұсым,
Жалғыздыққа жүрегім дайынбысың.

Уайымды тым,
Жұта беріп қайтемін, жайым түтін.
Қараңғы қауіпті емес, кара қазақ,
Қараңғылық қауіпті. Қайырлы түн!

АҒАШ ҚАСЫҚ

Көңіл неге айныдың бастапқыңнан,
Жастығым да жылысып аспақ қырдан.
Бауырларым, қайдасың бөз-баяғы,
Қайран күндер қайдасың қаспақ қырған.

Бара жатыр бір бақыт, қараш(ы) қашып,
Тулақ жүрек тағы да таласқа ашық.
Құттың бәрін әкелген шаңыраққа,
Сүттің дәмін сездірген ағаш қасық.

Көңілге кеп тағы да таяды мұң,
Баяны еске түсіп баяғының.
Жыр суына жуылған сияқты ма,
Кір сымына жайылған жаялығым.

Сөз дейтін тапаншанды қалма кезеп,
О шақтарда алайда талмады өзек,
Анамыз бір қасықпен бәріміздің,
Аузымызға ас салды алма кезек.

Ағаш қасық, биік пе сенен шынар,
Ер езілсе қайғыдан емен шынар.
Ана жүрек тәтті мен ащы өмірді,
Барлығы бірдей сезсін деген шығар.

Тамшы баққа ку сезім асқақтайды,
Жан шыдап па, кеудені баспақ қайғы.
Ана да жоқ, бұл күнде, бауырлар да,
Жалғыз жанға бәрібір ас батпайды.

Ооу, сағымдағы ағалар бұрыл маған,
Жұлдызға айналдың ба жымындаған.
Қайдасың ағаш қасық, қайран күндер,
Қазанда қаспақ қалды қырылмаған.

САҒЫНАТЫН ЖАНСЫҢ ҒОЙ

Мойыл моншақ жанарың тізген мүсін,
Ойың тұсап тұрса да іздермісін.
Көңілімнің көгіне көтерілші,
Көз жасымның көлінде жүзген құсым.

Жаның жайлау жап-жасыл түкті кілем,
Күттім, күттің, көздерің күтті білем.
Жазықсыз мұң жүректі тескілейді,
Жасаураған жанардың түкпірінен.

Сарқырама секілді қағидаңыз,
Иілдірмей қоймайды ар-ибаңыз.
Дәурен ғұмыр дидары түрленеді,
Гүлденеді, шіркін-ай, дариға қыз!

Қабырғалар тұр биік байыс құрып,
Махаббатты ойнайды сайыс қылып.
Жүрегімен жаралған жауқазыным,
Қабырғамды барады қайыстырып.

Жұмсақтығым ол менің қаттылығым,
Тағдырым тағдыр атты тапты гүлін.
Күлтесін күл етпеші татқан адам,
Раушан еріндердің тәттілігін.

Сағынатын жансың ғой, сағынатын,
Бағалы жан шығарсың бағыма тым.
Батып бара жатырмын көз жасыңа,
Батып бара жатыр ма тағы да күн!?

Айдар САЙЛАУОВ



АПОРИЯ

Құлазиды Құдай көкте, мен жерде,
Өмірзая қасіретімді емдер ме?
Жанарымнан жұлдыз ағар сол түні,
қара ағаш пен қара міскін өлгенде.

Қара түнде жанарым мен жүрегім
жұлдыздарға айналатын сыңайлы...

Аяттар мен сүрелердей жүйелі,
“көшірілген” жазбалардай киелі
болмаса да, мен оқыған дұғалар,
сүймесе де ол мені,
МЕН ОНЫ СҮЙЕМІН!

RATIO

Шатырдан құлаған жаңбыр
тамшыларындай,
менің күнәларым да ап-ауыр.
Құлыптас қаріптеріне жасырынып
жеткен
Мұң маған да тақады.
Декарттық жүйеде қаңғырған ойларым,
үштікті [x,y,z] бұза алмай шарасыз
... нүктеге байланды.

Әлі де таңдаулы ақыл мен ир-ақыл,
ғасырда.
Ол тарих тек бізге қорқыныш сыйлады,
расында.

Билейміз бәріміз тағдырдың жібінде,
үзіліп кеткенше Құдайдың қолында.
Түймедақ өледі, “тірілу” түнінде,
fialka гүлдейді,
қайыршы қаптаған мешіттер
жолында.

APPLE

Жұмақ бақтары елестейді көзге,
тозақ оттары жымындайтын секілді...
Батыс жаққа бұрып қойып бетімді,
Папалардың тәждеріндей аяулы
бір үзік мұң таянды.
Мінежаттар ыңылдайтын секілді.

Бізбен бірге жаратылған күнәні
сүюімнің себебін,
есі ауысқан Құдай ғана сұрайды,
тым ұмытшақ Құдай ғана сұрайды,
(пенделердей пәни өмір сүрмейтін)
жүрегімнің ішінде тым жұпыны тұратын,
сендердікім білмеймін.

Туғанынан иектеген құштарлық,
билегенде ессіздіктің сағымы,
көзін ашқан Күн-ананың жарығы.
Бізден гөрі бақыттырақ болғандай,
ең алғашқы адамдардың қауымы.

Біздің эра беймазалау дүрмекте,
(шалдар ғана ие ме еді құрметке)
Біз сүйетін бұл мезгілдің жанарында
мөлдіреп,
Алма ағашы гүлдеп тұр.

СӨЗ

Ұйқастан жалыққан СӨЗдер үнсіз
күрсініп,
кітаптар ішінде күбірлеп,

(Бұл кезең қай дәуір?!)
өлмейтінін сезем мен.
Бейуақта оянып кетердей айкезбе
ойларым...

Өз-өзін Күнмін деп санайтын шамдардың
жанында,
үймелеп СӨЗдер жүр,
жерініп сырыл мен дыбыстан.
Бұл жерде ұштаған ішінде көздердің
көрінбес оттары ып-ыстық.

Топырақ кемірген жазбалар бетінде,
біз ақ деп атайтын түс үстемдік құрады,
және
жаназа күйіне тербеліп аздаған бетінде,
өлі таңбалар тұрады.

Қыздың шашында солған гүлдердің,
тағдыры,
қызықсыз жұлдызы тоналған түндердей,
ал СӨЗдер тағдыры,
тым мұңлы, төменгі нотада шырқалған
әндердей.

Ұйқастан жалыққан СӨЗдер
үнсіз күрсініп,
алқызыл түске боялған парағы,
кітаптар ішінде күбірлеп,
сіңіп барады...

Әлихан МАХАШ

БИЛЕЙМІЗ БӘРІМІЗ ТАҒДЫРДЫҢ ЖІБІНДЕ



Жүрегімде күпір ойлар күбірлеп,
Пәк арудың көйлегіндей бүлінген,
Құдайым мен құбылаға қараймын,
күнәһарлау түріммен.

Жер бетілік жауабы жоқ сұрақтар,
мәнсіздіктің маңайына тұрақтар.
Қасиет пен құдыреттің барына,
мені әлі де сендіреді “кітаптар”.

“Кездейсоқтық жалықтырған”
Құдайдың –
қайғысына қосылып ап жылаймын.

(Сонда да...)
біз көппіз Сенада қаңғырған ессіздер
санынан,

Санада туылып, біз қайта келеміз
бұл Жерге
қай ғасыр екенін санаудан жаңылған.

Мүсіндер сөйлейді,
Жер жүзі адасса ақылдан,
дәуірлер дәруіш, өйткені.
Қиялда бөрі де талмайды оқудан,
тек діни кітаптар беттерін.
Мен де...

темекі түтіні ісіне
тұншығып,
ауада қалқиды бір-бірден.

Мүрдеден салынған үйлер
түбі құлайды
Джектең үстіне*
СӨЗден салынған үйлер
мені қорғайды
алынбас күштіге.

Олар біздің заманымыздан кейінгі
кезеңде [б.з.қ]

АСУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІСІ



Аралас жекпе-жек әлеміндегі ең беделді ұйым – UFC-де өнер көрсететін жерлесіміз Асу Алмабаев дебюттік айқасында жеңіске жетті.

АҚШ-тың Нэшвиллде қаласында ұйымдастырылған UFC турнирінің алдын ала кардында отанда-сымыз америкалық Оде Осборнмен кездесті. Аса тартысты өткен айқастың екінші раундында отан-дасымыз қарсыласын тізе бүктіріп, UFC әлеміндегі алғашқы жеңісін тойлады. Бұл – Асудың UFC-дегі тырнақалды табысы болса, MMA-дегі 14 жеңісі.

Сонымен қатар Асу Алмабаев айқасын мерзімінен бұрын аяқтағаны үшін UFC тарапынан қосымша 50 мың доллар көлеміндегі сыйақыға ие болды. Жерлесімізден бөлек мұндай қаражат мерзімінен бұрын жеңіске жеткен Татьяна Суарес, Дастин Джей-коби, Диего Лопес пен Карлстон Харриске де берілді.

ЕКІ ҚОЛА БҰЙЫРДЫ



Түркияның Ыстанбұл қаласында күрес түрлерінен өтіп жатқан 17 жасқа дейінгі жас-да қазақстандық бауандар еркін күрестен екі қола медаль алды.

Әлем чемпионатында Нұрдәулет Сейілбеков (71 келі) пен Самир Дурсунов (92 келі) үздік үштіктен көрінді.

Қола жүлде үшін болған белдесуде екеуі де үнді балуандарынан басым түсті.

Айта кетсек, бұдан бұрын еркін күрестен Едіге Қасымбек (110 келі) күміс медаль еншіледі.

Бұл жолғы әлем чемпионатын еркін күрестен 1 күміс және 2 қола жүлдемен қорытындылады. Грек-рим және әйелдер күресінен Қазақстан құрамасы жүлдеге иігіге алмады.

Еске салсақ, қазақстандық дзюдошы Қанат Нұркелді халықаралық жарыста күміс жүлдегер атанды.

МИЛАДТЫҢ ҮШ МЕДАЛІ



Қытайдың Чэнду қаласында өтіп жатқан дүниежүзілік Жазғы универсиада ойында-рында спорттық гимнастикадан өнер көрсет-кен Милад Карими ел қоржынына толық жүл-де жиынтығын салды.

Әлем кубогі жарыстарында топ жарып, жүлделі орындардан көрініп жүрген отандасымыз Жазғы универсиадада өз мықтылығын дәлелдеп, үш бағдарлама бойынша үздіктер қатарынан көрінді. Жерлесіміз алдымен жүлде қаттығуында 14,800 ұпай жинап, Универсиада чемпионы атанса, кейіннен еркін жаттығуда күміс жүлдегер атанды. Ал тірек секіру сайысында Карими Украина және қытайлық Тайбэй өкілдерін алға жіберіп, қола жүлдені қанағат тұтты.

Жалпыкомандалық есепте Қазақстан құрамасы-ның спортшылары 18 (2 алтын, 7 күміс және 9 қола) жүлдемен 17-орында келеді. Ал көш басында Қытай құрамасы тұр. Олардың еншісінде 133 медаль (76 – 71 медаль (18 алтын, 23 күміс, 30 қола) болса, үздік үштікте Корея спортшылары орналасқан – 50 (17 ал-тын, 15 күміс, 18 қола).

Бетті дайындаған: Берен ШАҒЫРОВ

СЫР ФУТБОЛЫНЫҢ ТАРИХЫ ҚАШАН БАСТАЛДЫ?

Өткен ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдар шамасында Қызылордадағы кейбір еңбек ұжымдарында әуесқой негізде команда құрылып, бір-бірімен өзара тартысқа түскені жайлы деректерді сол кездерде шыққан мерзімдік басылым беттерінен айқын аңғаруға болады. Мұндай кездесулер жергілікті жастардың футболға қызығушылығын одан әрі арттырып, шеберлігін жетілдіре түсті. Әрине, бұл уақытта Қазақстанның өзінде кәсіпқой клубтар әлі де тұсауын кесе қоймаған кезі болатын. Кезінде одақтық деңгейде ел намысын қорғаған Алматының «Қайраты» 1958 жылы алғашқы ресми кездесуін өткізді. Арада он жыл өткенде Қызылордада да сондай ұжымның тұсауы кесіліп, жергілікті жұрт алғаш рет кәсіби клубтың ойынын тамашалауға мүмкіндік алды. Оған негізінен қызылордалық жастар тартылды. Сонымен қатар Алматыдағы футбол мектебінің бірқатар тұлғалары да жаңа команда құрамын толықтырды. 1968 жылы қазіргі Ғани Мұратбаев атындағы орталық стадион елдің игілігіне айналып, онда жергілікті команданың тұңғыш ресми кездесуі өткізілді.

Жиырма жылдан астам қызылордалық клубтың құрамында тер төккен Әбіл Қалымбетовпен ол кісінің көзінің тірісінде біраз әңгімелескен едік. Өзінің футболшылық өмірін тек бір ғана командаға арнаған жан өткен шақтан бізге қызықты мәліметтер келтірді. Өзі де жасыл алаң төрінде жанкүйерді желпілдіріп, талай мәрте елдің алғысына бөленіп үлгерді. Шеберлігі арқасында жерлестерін қаншама рет тәтті еткенін көпшілік әлі де ұмыта қойған жоқ. Әбіл ағамыз команда құрылғанда оған алғаш шақыру алған ойыншының бірі болды.

– Сол уақытта қызылордалық өрендер футболға

ерекше қызығушылық танытты, – деді бізбен әңгімесінде ол кісі. – Қазіргідей жасыл алаңдар мүлдем жоқ-ты. Біз оған қарамайтын едік. Айтақыр шаңның үстінде күнұзақ доп қуалап жүретінбіз. Кейде үлкендер жағы біздің бұл тіршілігімізге қынжылыс білдіріп жататын. Осылай жүріп, футболдың қыр-сырын біршама меңгеріп алдық десек те болады. Өскеннен кейін бірқатар еңбек ұжымдарында ойын көрсете бастадық. Қызылорда топырағында тұңғыш мәрте кәсіби клуб құрылған кезде мен жиырма жасқа жақындап қалған едім. Оған Петр Боголюбов, Виктор Шишин, Юрий Дедиков сынды білікті мамандар бапкерлік жасады.

Ол кісіден білгеніміз, команда атауы алғашқы жылда үш мәрте өзгеріпті. Әуелгіде «Қызылорда» атанған ұжым мамыр мен шілде аралығында «Волна» деген атаумен ел біріншілігінде облыс намысын қорғады. Сол жылдың шілдесі мен 1973 жылдың соңына дейін «Автомобилист» клубы ретінде бәсеке көрігін қыздырды. Біздің ұжым 1974–1978 жылдарда «Орбита», 1979–1989 жылдарда «Мелиоратор» атанды. Бас-аяғы жиырма жылға жуық уақыт шінде команда атауының бірнеше мәрте өзгеруіне оған қаржылай көмек көрсеткен мекеменің ауысуы себеп болған. Еліміз бостандық байрағын бекем ұстаған тоқсаныншы жылдардан бері «Қайсар» жергілікті жанкүйердің сүйікті клубына айналып отыр.

1968 жылы командамыз сәтсіз ойын көрсетті. Одақтық футбол басшылығы екінші лигадағы бір топқа қазақстандық ұжымдарды топтастырды. Олардың жалпы саны 22-ге жуықтады. Атап айтқанда, Ақтөбе, Қостанай, Жамбыл, Целиноград, Жезқазған, Төміртау, Павлодар, Семей және Алматы секілді өңірлер өз клубтарын біріншілікке үкілеп қосты. Өкінішке қарай, бұл

бәсеке барысын-да коман-дамыз өз тобында ең соңғы орынды місе тұтуға мәжбүр болды. Оның себебі де бар. Біріншіден, оған әлі де тәжірибесі аз жастар көптеп тартылды. Футболшылардың орташа жасы жиырманы құрайтын. Соның салдарынан жерлестеріміз 40 ойыннан кейін небәрі 13 ұпай жинады. Өз қақпасына 84 гол жіберіп алса, қарсыластарды бар-жоғы 17 мәрте қапы қалдырды. Ереже бойынша өз тобында соңғы орын алған клуб әуесқой топтардың жеңімпазымен кездесіп, жалғыз жолдаманы сарапқа салатын. Бізге Саранск қаласының «Шахтері» қарсылас болды. Бұл жолы қызылордалық футболшылар мықтылығын көрсетті. Екі кездесуде де 1:0 есебімен жеңіске жетіп, өз тобындағы орнын сақтап қалды. Одан кейінгі жылда да «Автомобилист» жергілікті жанкүйерлерді жігерлі ойынымен желпілдіре алмады. Жиырмадан астам команданың ішінде бар-жоғы 17-ші орынды місе тұтты.

1970 жылы жергілікті клубқа бас бапкер қызметіне белгілі спортшы Тимур Сегізбаев келді. Жасыл алаң үстінде шеберлігімен жанкүйердің жүрегіне жол тапқан жарық жұлдыз мұндай жауапты жұмысқа алғаш келіп тұрса да, өзінің біліктілігі мен қабілеті жоғары екенін көрсете білді. Жерлестеріміз барлығы 16 команданың арасында алтыншы орынға тұрақтады. Олар 30 ойыннан кейін 35 ұпай жинады. Қызылордалық футболшылар қарсыластар қақпасына 41 доп соғып, өз қақпасына 27 доп жіберіп алды. Команда 15 мәрте жеңіске жетіп, 5 рет тең түсіп, 10 ойында қарсыласына есе жіберді. 1971 жылы да

дәл осындай жетістік

Биыл «Қайсар» футбол клубының құрылғанына 55 жыл толды. Жанкүйерлер бұл мерзімді Сыр футболының бастауымен тығыз байланыстырғанмен, аймақ футболының негізгі тарихы тым тереңде. Осыған орай «Сыр өңіріне футбол қай жылы келді?» деген сауалға жауап іздеу орынды.



қайталанды. «Орбита» 1972–1976 жылдар аралығында алғашқы ондықтан көрінсе, одан кейін он жылдай соңғы орындарда жүрді. 1987 жылы өз тарихында тұңғыш рет төртінші орынға көтерілді. Команданы мұндай жетістікке белгілі маман Юрий Хакимович жетеледі. 1988 жылы «Мелиоратор» КСРО кубогының 1/64 финалдық кезеңінде өз алаңында Тюменнің «Геолог» клубын қабылдап, олардың қақпасына жауапсыз бір доп соқты. Соның нәтижесінде жарыстың келесі сатысына шығып, сырт алаңда ойнағанына қарамастан Ферғананың «Нефтяник» клубын орта жолда қалдырды. Бұл кездесудің негізгі кезеңінде қос қарсылас бір-бірінің қақпасынан саңылау таба алған жоқ. Жеңімпаз ойын соңынан кейінгі пенальти тебуден анықталды. Кубок ойындарының келесі кезеңі екі ойыннан тұрды. Бізге Украинаның Харьков қаласының «Металлист» клубы қарсылас болды. Украиналық ұжым сол кезеңде КСРО-ның жоғары лигасында ойын көрсететін. Харьковтегі ойынның бірінші кезеңінде қақпа құлпы ашылған жоқ. Келесі кезеңде алаң иелері екі доп соқса, қонақтар оған бір доппен жауап қайырды. Одақтық белгілі футбол мамандары «Мелиоратордың» жігерлі ойынын жоғары бағалап, олардан үлкен үміт күтті. Өйткені, біздің команданың келесі кездесуде 1:0 есебімен жеңіске жетсе, жарысты жалғастыру мүмкіндігі бар еді. Бірақ барлығы керісінше өрбіді. Қарымта ойында харьковтік футболшылар бір доп соғып кетті. Мұндай көрсеткіш арада төрт жыл өткеннен кейін, 1991 жылы тағы да жерлестеріміз одақтың екінші төменгі лигасында төртінші орын алды.

Міне, Қызылорда футболы осы сұрлеуден өтті. Өткен тарих келер жаңалықтың бастауы екенін ескерсек, әрбір тарих пен танымының орны ерек. Тек өткеннен сабақ алып, өнегесін жиі білу – жеңіс жолы.

Ө.ТАЛАПТАН



2013 жылы «Асық ату» ұлттық федерациясы құрылды. Оның президенті қызметін Мұрат Әбеннов өз мойнына алды. Жер-жерде ұлттық ойынға деген қызығушылық қайта ояна бастады. Еліміздің әр аймақтарында асық атудан жарыстар ұйымдастырылып келеді. Мұрат Әбеннов бір сөзінде: «Біздің асық ойнауды ұмытқанымызға ары кетсе 20 жыл болды. Оған қазір балалар арасында қызғушылық үлкен. Сондықтан оны қайта дамытуға болады. Дамыту үшін асық ойынын үйренуге арналған арнайы оқулық та жасалыпты. Сол бойынша алдағы уақытта мектеп балалары асық ойнауға үйретілетек», – деді.

Енді «Асық ату» ұлттық федерациясы оған спорттық ойын атауын ресми түрде беріп, республикалық деңгейдегі дәстүрлі асық ату жарыстарын өткізуді жоспарланған еді

Қойын-қонышына асықтарын толтырып алып, топтаса, жамыраса асық ойнаған баланың қызығының өзі бір бөлек дүние екен-ау. Тізілген асықтарды атқылаған бүлдіршіндердің айқай-шұы көптің көзінен әлі де кете қоймайды. Асығын бояп, қорғасын құйып, ләңгісін әрлеп жатқан балалар әуресі бірер жылдардан кейін көзден ғайып болатыны туралы ешкімнің ойына келмеген болар сол кезде. «Ташта анау асығыңды, кір үйге» деп айқай салып жатқан ананың даусына да құлағың шалынбайды бүгін. Ең өкініштісі асық ойынының ауладан кеткені. Аулада қажет болмаған ойын, кейінгі ескекпен ұрпаққа жетуді де екіталай. Асық ату шараларда, мерекелерде ғана көрсетілетін көрмеге балаңған ойын болғанына не себеп?

Кеңестік уақытта асық ойнаған балалардың қызығы бөлек-тұғын. Қала көшелерінде асықты тізбектей келе дәлдікпен атып жатқан ойын баласын қызықтау қалыпты құбылыс еді. Кейбіреулер айтқандай асық ату ойынына кеңестік жүйе де, шаһардың қара асфальт жолдары да кедергі болмаған сол күндері. Оған дәлел, 1970 жылдары қала балалары ойлап тапқан «Алматынка» немесе «Шымкент» деген ауқымды жерді талап етпейтін, шеңберге тіліп ойнайтын қаланың кеңес дәуіріндегі шығарған асық ойын түрлері бола алады.

60-70 жылдардың ойын балалары асық атудың «Өріс» деп аталатын түрімен жиі ойнаған деседі бүгінгі аға буын өкілі. Кең далада ұзындығы 20 метрден кем болмайтын аумақта ойналатын ойын түрі сол уақытта кең етек жайыпты.

Бүгін қала түгіл ауыл аулаларынан асық атысқан баланы көру таңсық дүние. Балалардың асық ойнауына не кедергі? Бүгінде асық ойнаған бала мен асық жинаған аталардың сиреп кеткені тағы шындық. Бүгінгі заман – инновациялар мен технологиялардың өркендеу кезеңі. Күн ілеспей тың құрылғылар мен бала көңілін аулайтын ойыншықтар жарық көруде. Автоматтандырылған құрылғы мен компьютерлік ойындар баланы бір орынан тапжылтпай тұсаулады.

Дүние жүзі медицина мамандары бүлдіршіндердің қозғалысы аз болғандығынан әрі электрлі қуаттандырылған құрылғылар арасында көп уақыт отыратындықтан көптеген ауруларға жол салынууда деп дабыл қағуда. Психологтардың зерттеуінше компьютерлік ойын үстінде адамның ойлау қабілеті, эмоциясы, көру қабілеті төмендейді әрі қияли әлемге жіпсіз байланғандардың көпшілігі күнделікті өмірде іс-қимыл траекториясын мен қашықтықты есептеуде қателіктерге бой алдырады екен. Медицина мамандары компьютерде көп отырған баланың есте сақтау қабілетінің төмендеп, омыртқа ауруына, шаш түсу, күйзеліске ұшырау, аллергиялық ауруларға бой алдырып, қан айналысы, ас қорытуы, зат алмасуы бұзылады және басқа да көптеген ауруларға себеп болатынын ескертеді.

Сондықтан да техниканың билік құрып отырған дәуірінде ойын баласын дала ойындарына қызықтыру, ұлттық спорт ойындарына баулу заман талабы болып отыр. Ұрпағымыздың саулығы, ұлтымыздың саламаты үшін денсаулыққа пайдалы, саикалы, саналы ұлттық ойындарын жаңғырту бізге басты міндет екені сөзсіз. Ал біле-білгенге асық ойынының баланы дамытудағы алар орны ерен екен. Асық ойыны, баланың күн ұзақ қимылына тигізер

АСЫҚ АТУ АЛШАҚТАП БАРАДЫ...

әсері де мол. Ойын барысында: жүгіру, жүру, иілу, секіру, сақа иіру, көздеп тигізу, лақтыру, ату т.б. жатады. Мысалы, сақаны қолға алып, бір аяққа тұрып, бір аяқты серпіп қалып асық атқанда, он екі мүше түгел созылады екен. Бұл – буын ауруларына қарсы жаттығудың түрі. Екіншіден, күллі жүйке, тамыр ауруларынан құтыласыз. Отырып-тұрып кенейді тіккенде қан айналымы жақсарайды. Сондай-ақ, баланы бәсекелестікке жетелеп, талаптылыққа тәрбиелейді. Расында, асық ойыны қазіргі педагогика тілімен айтқанда, таза дене шынықтыру. Жүгіріп те аласыз, отырып-тұрасыз, көздейсіз, атасыз. Бір асық ойынының бойында спорттың барлық түрі сыйып тұр. Асық ойыны қазақтың мергендік мектебі деуге толық негіз бар. Мергендікпен қатар, баланың ептілігі, шапшаңдығы, табандылығы және қырағылығы жетіледі. Мамандардың дәлелдеуінше, асық баланы жүйке жүйесін қалыптастырып, ой-әрісін және білім көкжиегін кеңейтеді. Мінезін тәртіптілікке, қозғалысын дәлдікке елтейді. Көру қабілетін арттырады. Асықтың нысанаға алғанда қан тамырларының жұмысы жақсарайды. Ал қолға ұстап иргенде, саусақ пен алақандағы жүйке нүктелері қозғалысқа түсіп, ми тынығады.



ОТАНДЫҚ ӨНІМ:
БЫЛҒАРЫ ЕТІК
БІЗДЕ БАР

Қазіргі уақытта бұрын естімеген жаңа кәсіп түрлері жандануда. Мемлекеттен көрсетіліп келе жатқан қолдаудың оң қыры дейміз бе, кәсіпкерлік саласына қадам басқандардың ішінде қызылордалық жастар да жеткілікті. Бірі қоқысты қайта өңдесе, бірі ұлттық бұйымдар тігеді. Енді бірі экологиялық таза өнім – эпоксидті шайырмен үйдің көркін келтіретін үстел, декорация ретінде іліп қоятын дүниелерді жасап шығаруда. Тағы бірі аяқ киім өндірісін дамытуда. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Шиелі ауданының тұрғыны, шебер Жандәулет Құрманбекұлы. Ол ер балаларға арналған аяқ киім, мәсі тігеді.



– Бүгінгі таңда сұраныс ер балалардың аяқ киіміне түсуде. Әйелдерге арналған аяқ киімдерді болашақта тігу жоспарда бар. «Не істеуге болады» деп қарап отыратын уақыт емес. Бір нәрсемен айналысу керек. Сондықтан өзімнің қолымнан келетін жұмысты істеуге кірістім. Кәсібім өзіме ұнайды. Көп уақыт кетпейді. Азаннан-кешке дейін бір жұмыста байланып отырмайсың. Өйткені әйелдердің аяғына шақталған қалып өзiрге болмай тұр. Ер адамдарға арналған модельдің өзі санаулы ғана. Құрал-жабдықты көбейтейін десе, қаржы

қолбайлау. Десек те бұл бізге кедергі емес. Кәсіп әрі қарай жандана береді, – дейді жас кәсіпкер. Қазақта «ерінбеген етікші болады» деген сөз бар. Бұған қарап етікшілік өнердің табандылықты талап ететінін байқаймыз. Дегенмен нарықтық заманда еңбектің жануы үшін қолдау да қажет сияқты. Кейіпкеріміз де мемлекет тарапынан қолдау алған. «Екінің бірі бұл кәсіпті бейімдей алмайды. Бұл өте қиын кәсіп. Шама-шарқымша еңбектеніп жатырмын. Несие аларда үйімді көпілге қойдым. Ол ғана емес, көлігімді саттым. Қорада тұрған екі-үш түлікті де кәсіпке инвестиция ғып құйдым. Кәсіп аясын кеңейттік. Жұмысымыз ақырындап алға жылжып келеді. Енді тағы біраз нәрсе алу керек», – деді кейіпкеріміз. Шебер таза былғарыдан құрым, көкпар, саптама етіктерін,

үйішілік аяқкиімдер тігеді. Бағаны материалдың сапасына, жұмыстың күрделілігіне қарай белгілейді. «Бізде қолдан жасалынған дүние қымбат тұрады деген ой қалыптасқан. Мен сол ойды түбегейлі өзгертуге тырысып жүрмін. Өрине еңбекті бағалаған жөн. Десек те ыңғайға, алатын адамның қалтасына ауырлық салмауға аса мән беремін. Мысалы, саптама етік – 350 мың, ұзын қонышты етік – 50 мың, қысқа қонышты – 30 мың, туфли – 45 мың, мәсі 40 мың теңгеден басталады», – деді ол. Кейіпкеріміз бүгінде өз кәсібін жандандыруда. Жылына 100-200 шақты өнім шығарады. Оның тіккен аяқ киімі ерлер арасында сұраныста. Жас кәсіпкер қазіргі таңда 4-5 адамды жұмыспен қамтып отыр. «Атамнан қалған қаншама бұйым бар еді. Содан қалғаны өзі жасаған кебіс қана. Арада қанша уақыт өтсе де сыры кетпеген. Фирмалық туфли

сияқты. Ағаш шегемен шегеленген. Ол қайыңнан жасалады. Иілгіш. Су тисе, былғарымен бірге ісініп, қайтадан қалпына келеді», – дейді шебер. Бүгінде жас болсын, кәрі болсын әдемі, осы заманғы сәнге сай аяқ киім киюге тырысады. Бірақ аяқ киім қаншалықты сапалы және ыңғайлы екеніне көбіне аса мән бермейді. Өйткені халық қалтасының қалыңдығына қарай аяқ киім таңдайды. Сондықтан таңдауы сапалы төмен жасанды материалдан жасалған аяқ киімге түседі. Яғни былғары аяқ киім бағасы қалта көтермейді. Дегенмен сапасыз, ыңғайлы емес, биік өкшелі немесе мүлдем өкшесіз, қытайдың «бір реттік» қана аяқ киімі көбіне жаңа дамып келе жатқан бала ағзасына көп зиян келтіреді. Сондықтан да шебер аяқ киім аларда сапасына мән беру керектігін алға тартады.

Мөлдір САБЫРЖАН

ЖҰЛДЫЗ – ЖОРАМАЛ

Тоқты
Апта басында қиын мәселелермен беттесуіңіз мүмкін. Оның шешімін тек қана қолдаушыларыңыз бен беделді таныстарыңыз ғана шеше алатынын естен шығармаңыз.

Торпақ
Апта жағынан жағымды жаңалықтарға толы болмақ. Алайда аяқсыз қалған жұмыстарыңызды ойлап бас қатуы мүмкін. Жақындардың көмегінен бас тартпаған жөн.

Егіз
Орын алған жайттардың бәрі жақсы болып көрінгенмен біршама қиындықтар туады. Ісіңіз ойдағыдай болмауы мүмкін. Сондықтан ойланyp әрекет жасаған абзал.

Шаян
Басқару қабілетінің арқасында махаббатта жолыңыз болады. Жалғыз жүрген жандар серігін іздеуде асқан белсенділік танытады. Өртүрлі саладағы адамдармен оңай тіл табысып, жаңа мүмкіндіктердің есігі ашылады.

Арыстан
Өміріңізде үлкен өзгеріс болғалы тұр. Тек жақсы жағынан. Қашанда байыппен қарап, ақырын күтіңіз.

Бикеш
Жұмыста, жеке өміріңізде көптеген қиындық туындайды. Өз күшіңізге сеніңіз. Болашақта табысқа жеткіңіз келсе, сабырлық таныту қажет. Табандылығыңыз дәрежеңіздің өсуіне себепкер болады.

Таразы
Денсаулығыңызға қараңыз, өзіңізді күтіңіз. Махаббатта жолыңыз болады. Аптада жоспарларыңыз сәтті жүзеге асады.

Сарышаян
Абайлаңыз, отбасыңызда түсініспеушілік орын алуы мүмкін. Жақындарыңыздың жаман жағын емес, жақсылығын көре білгеніңіз дұрыс.

Мерген
Апта қарбаласқа толы болмақ. Тіптен оқиғаның бірінен кейін бірі орын алып

жатқанына таң қалуыңыз да мүмкін. Жіберген қателіктеріңіздің жазасы деп есептеп, дұрыс шешім қабылдаған жөн.

Тауешкі
«Бір қиындықтың артынан екі жақсылық күт» демекші, кез-келген қиындыққа шыдап бағыңыз. Ісіңіз алға жылжуы мүмкін. Сондықтан бәріне түсіністікпен қараған абзал.

Сұқұйғыш
Достар тарапынан жаңа мүмкіндіктер ашуға қолайлы ұсыныс түсуі мүмкін. Егер сіз өзіңіздің алғыр да әділ қасиеттеріңізді мейлінше көрсете білсеңіз, жақсы жетістіктерге қол жеткізуіңіз ықтимал.

Балық
Адамдармен танысу сіз үшін пайдалы. Сондықтан мұндай мүмкіндіктерден бас тартпаған жөн. Жақындармен жылы қарым-қатынас орнатыңыз. Қиындыққа еш мойымай алға қадам басыңыз.

болып қалатынын біліп отырады. Оның бәрін ойымыздан шығарып жатқан жоқпыз. Нақты ғылыми деректерге бағынып, қорытынды шығардық», – деді Мұхтар Манкеев.

Ал жақында Ұлттық тестілеу орталығы білім беру гранттары иегерлерінің тізімін ұсынды. Талапкерлердің басым бөлігі құжаттарын үш республикалық маңызы бар қаланың жоғары оқу орындарына тапсырған: Алматы (34 мың), Астана (16 мың) және Шымкент (5 мың). Талапкерлердің таңдауы ішінде үлкен сұранысқа ие бағыттар қатарында «Педагогикалық ғылымдар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» бар. Әрі қарай «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау». Үшінші орында «Медицина, оны 4 мың талапкер таңдаған. Айта кетейік, білім беру бағдарламаларының тобы бойынша ең көп өтініш (9 мың) «Ақпараттық технологиялар» мамандығына түскен. Ол жаңа мамандықтар тізбегіне кіретін IT әлемде білім беру жүйесінің сапасына күшті әсер ететін негізгі және маңызды факторлардың бірі екенін айғақтайды.

бағыттар дамиды», –

деді ол. Сарапшының айтуынша, бұл

ЖАСТАР ҚАЙ МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАДЫ?

Бұдан бөлек, «Болашақ» қауымдастығы кеңесінің мүшесі Мұхтар Манкеев 2030 жылға қарай трендте болатын ТОП-7 мамандықты атаған еді. Оның айтуынша, World Economic Forum 2025-2030 жылдары сұранысқа ие болатын ТОП-7 мамандықтың тізімін шығарған.

«Бұрын болмаған екі кәсіптің бірігуінен туындаған IT-дәрігер деген мамандық шығып жатыр. Бұрын блогерлер, SMM-менеджерлер дейтін едік. Оларды ешкім оқытпайтын да. Қазір солардың басын біріктіретін «тренд бақылаушысы» деген кәдімгі кәсіби бағыт дамып келе жатыр. «Биоинженер», «деректер талдаушысы» немесе «data-аналитик» деген мамандықтар сұранысқа ие болмақ. «Урбаинст-экологтарға» да сұраныс артып келеді. Бұрын тек архитекторлар жұмыс істесе, қазір экологияны бірге алып жүретін гибрид мамандық пайда болды. «Жоба менеджері», «жасанды интеллект және машиналық оқыту саласындағы маман» деген сияқты жаңа-жаңа

мамандықтарға 2025 жылдан кейін мектеп бітіретін оқушылар бағдарлану керек. «Өрине, жастарға алдағы 5-10 жылда қандай мамандықтар трендте болатынын жеткізуіміз керек. Сондай-ақ қазір 1 сыныпқа келіп жатқан балаларды да ұмытпауымыз қажет. Оларға кәсіби бағдар бойынша бөлек пән, пән кабинеттері ашылып жатыр. Біз соларға 100-ден астам жойылып келе жатқан мамандықтардың тізімін де қалдырып жүрміз. Сол арқылы олар қай мамандықтың керекті болатынын, қай мамандықтың керексіз

Бұған дейін Оқу-ағарту министрлігі еңбек нарығында сұранысқа ие техникалық және кәсіптік мамандықтар тізімін ұсынды. «Көш басында аспаз, сатушы және автомеханиктер тұр. Тамақтану, логистика, медицина, ауылшаруашылығы, құрылыс және ТҮКШ саласына білікті маман қажет» делінген хабарламада.

СҰРАНЫСТАҒЫ МАМАНДЫҚТАР

2 560 - аспаз (Қарағанды, ШҚО, Ақмола облыстары және Алматы қаласы)



1 678 - сатушы (Абай, Ақмола облысы, Астана қаласы)



1589 - автомеханик (Абай, Ақмола, Атырау облысы және Алматы қаласы)



1 492 - тігінші (Қызылорда, Ақтөбе облысы және Алматы қаласы)



1 388 - маркетолог (Алматы, Астана қаласы және Қызылорда облысы)



1131- тракторист-машинист (Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл, Жетісу облысы)



1030 – бухгалтерлер (Ақмола, Түркістан облысы және Астана қаласы)



750 - электр газбен дәнекерлеуші (ШҚО, Абай, Жамбыл, Қостанай облысы)



617 – кондитер (СҚО, Жамбыл облысы, Алматы қаласы)



608 – тәрбиеші (ШҚО, Алматы, Маңғыстау облысы және Шымкент қаласы)



604 – телекоммуникация технигі (Алматы қаласы, Павлодар облысы)



549 - аппаратшы-гидрометаллург (Шығыс Қазақстан облысы)



548 – медбике (Абай, Ақмола облысы, Алматы қаласы)



527 – дәнекерлеуші (Ақтөбе, Алматы, Жамбыл облысы)



Кезекші редактор: З.ҚОНЫСЖАН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 1250